



Сыр бойы

№2-3
(20676-20677)



Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

6 қаңтар, сенбі 2024 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz



ТАЙЛАҚ
САРДАР

4



«КОМИССАР ЖҮРГЕНОВ»
РОМАНЫ ХАҚЫНДА

5

ПРЕЗИДЕНТ

МӘЖІЛІС ТӨРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Кеше Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошановты қабылдады. Мемлекет басшысына Мәжілістің заң шығару қызметі туралы баяндалды.

Ерлан Қошановтың айтуынша, сессия басталғалы бері 35 заң қабылданып, Сенатқа жолданған. «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасының жүзеге асырылуы, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану, бизнес жүргізу, тәлімгерлік пен балалардың қауіпсіздігі, денсаулыққа зиян келтіретін жұмыс орындарында еңбек ететін азаматтарды арнайы төлемақымен қамтамасыз ету мәселелерін реттейтін құжаттар қабылданған.

Қазіргі уақытта депутаттардың қарауында 69 заң жобасы жатыр. Оның үштен бір бөлігіне Мәжіліс депутаттары өздері бастамашы болған. Президенттің тапсырмасымен Бюджет кодексі, халықтың тым көп несие алуын төмендету, тұрғын үй саясаты, мемлекеттік сатып алу, ғылым және технологиялық саясат, тұтынушылардың құқықтарын қорғау, жылу энергетикасы, масс-медиа, адам саудасына қарсы іс-қимыл және басқа да заң жобалары бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Өте маңызды заң жобалары Қоғамдық палатаның отырыстарында талқыланады. Мемлекет басшысына Мәжіліс депутаттары халықтың қаржылық сауатын арттыру үшін парламенттік тыңдау, медициналық сақтандыру жүйесін дамыту, есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл және сауда саясатын жетілдіру мақсатында Үкімет сағаттарын өткізгені жөнінде мәлімет берілді.

Сонымен қатар Мәжіліс спикері партиялық фракциялар мен бір мандатты депутаттар белсенділігінің артуы Парламенттегі пікірталас деңгейін көтергенін атап өтті. Депутаттар жылдың алғашқы күнінен бастап сайлаушылармен кездесу және халықтың тұрмысын жақсарту жөніндегі Президент тапсырмаларының орындалуына бақылау жүргізу үшін өңірлерге аттанды.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаевқа Палата депутаттарының парламенттік дипломатия аясындағы қызметі де таныстырылды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы Мәжілістің 2023 жылы атқарған жұмыстарына оң баға берді. Президенттің айтуынша, қабылданған заңдар халықтың тұрмыс сапасын арттыруға тікелей ықпал етеді. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің әлеуметтік-экономикалық жаңғыру бағдарына қатысты негізгі шараларды жүзеге асыруды көздейтін заңдарды қабылдау қажет екеніне назар аударды.

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ



МОБИЛЬДІ АУДАРЫМНАН МАЗА КЕТТІ

Жаңа жылдан бастап барлық супермаркеттер мен дүкендер, өзге де қызмет көрсету орындары төлемнің қолма-қол қабылданатынын ескертуде. Кейбір кәсіп нисандары мобильді аударымнан бас тартып, тек нақты ақшамен есеп айырысуда. Мәселеге байланысты облыстық мемлекеттік кірістер басқармасы басшысының орынбасары Еркін Елшібеков түсіндірген еді.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

— Казіргі уақытта депутаттардың қарауында 69 заң жобасы жатыр. Оның үштен бір бөлігіне Мәжіліс депутаттары өздері бастамашы болған. Президенттің тапсырмасымен Бюджет кодексі, халықтың тым көп несие алуын төмендету, тұрғын үй саясаты, мемлекеттік сатып алу, ғылым және технологиялық саясат, тұтынушылардың құқықтарын қорғау, жылу энергетикасы, масс-медиа, адам саудасына қарсы іс-қимыл және басқа да заң жобалары бойынша жұмыстар жүргізілуде.

сайын 100 түрлі тұлғадан мобильді аударымдар алынаса, онда бұл азаматтар бақылауға алынады. Бақылау-қаспа машиналарын қолдануды жеңілдету үшін 2022 жылдан бастап БКМ функцияларын екінші деңгейдегі банктің POS-терминалдарымен біріктіру бойынша пилоттық жоба жүргізілуде. Бұл БКМ мен POS-терминалдың бір чегін беруге мүмкіндік жасайды. Пилоттық жобаға «Каспий банк» АҚ, «Халық банк» АҚ және «Банкцентр кредит» АҚ қатысуда, — дейді ол.

Рәсіммен, банкомат пен касса алдында ұзын-сонар кезекте тұрғандар көп. Пандемия кезінен электронды түрде аударым жасауға үйреніп қалған көпшілік бұл жағдайды түсінбей жатыр. Егер дүкен иесі немесе қызмет көрсету орындары төлемді тек нақты ақшамен қабылдайтынын айтса, бұл жағдай туралы мобильді қосымша арқылы мамандарға хабарлауға болады. Шағымды «Отinish арқылы немесе Wipon Cashback қосымшасы арқылы да бере алады дейді. Тек арызды растайтын құжаттар міндетті түрде болуы керек. Ал тұтынушы қай төлем түрін қолданамын десе де құқылы.

3-бет

ЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Қазақстан халқының саны – 20 млн 14 мың

2023 жылғы 1 желтоқсанда халық саны 20 145 755 адам болды. Оның ішінде қала тұрғындары – 12 432 220 адам, ауыл тұрғындары – 7 713 535 адам.

2023 жылдың басынан бері халық саны 247 768 адамға артты. Оның ішінде табиғи өсім есебінен 239 422 адамға, көші-қон есебінен – 8 346 адамға өсті.

Халық санының ең жоғары өсу қарқыны Астана мен Алматы қалаларында, тиісінше 5,11% бен 2,82%, сондай-ақ Маңғыстау облысында – 2,40%.



Арнаулы әлеуметтік төлем төленеді

Осы жылдың 1 қаңтарынан бастап зиянды еңбек жағдайларында ұзақ уақыт жұмыс істеп жүрген азаматтарға 55 жастан бастап арнаулы әлеуметтік төлем төленеді деп хабарлайды Kazinform.

Айта кетейік, өткен жылдың 21 желтоқсанында Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық бірлестіктер және еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін адамдарды әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды. Осы Заңға сәйкес, 2024 жылдың 1 қаңтарынан зиянды еңбек жағдайларында ұзақ уақыт жұмыс істеп жүрген азаматтарға 55 жастан бастап арнаулы әлеуметтік төлем енгізіліп отыр.



«Заңға көп өзгеріс енгізілді. Біріншіден, арнайы әлеуметтік төлем көп жыл бойы жұмыс істеген, 55 жасқа толған және 7 жыл бойы өздеріне жиынтық жарналар аударған азаматтарға төленеді. Арнайы әлеуметтік төлем төрт қаражат көзінен: республикалық бюджеттен 2 ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінде, өмірді сақтандыру жөніндегі компаниялардан, жұмыс берушілердің қаражатынан, БЖЗҚ-дан міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен төленеді» деді ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпова Орталық коммуникациялар қызметіндегі брифингте.

Кімдердің жалақысы өсті?

Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру мақсатында жыл басынан елімізде ең төмен жалақы мөлшері 70 000 теңгеден 85 000 теңгеге дейін ұлғайды.

Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс берушілер жұмыскерлерге еңбекақыны ең төмен жалақыдан төмен болмайтын деңгейде қамтамасыз етуге міндетті.

Осыған орай 85 мың теңгеге дейін жалақы алатын түрлі меншік нысанындағы кәсіпорындардың барлық саласында жұмыс істейтін 1,8 млн-ға жуық жалдамалы жұмыскердің, оның ішінде бюджет саласындағы 350 мың қызметкердің ақшалай кірісі өседі.

Бірінші кезекте ең төмен жалақыны арттыру «айлығы аз» қызметкерлерге қатысты болады.



Екіншіден, жалақы деңгейін белгілеу кезінде ең төмен жалақы көрсеткішін пайдаланатын жұмыс берушілер разрядаралық біліктілік жүйесін ескере отырып, қызметкерлердің басқа санаттарының жалақысын қайта қарайды.

Естеріңізге сала кетейік, ең төмен жалақы еңбек саласындағы ең төмен әлеуметтік стандарт саналады және жыл сайын тиісті қаржы жылына сәйкес Республикалық бюджет туралы заңмен белгіленеді.

Суреттер ашық дереккөзден

«Қызылорда облысы бойынша 2024 жылғы 1 тоқсанға кедейлік шегінің мөлшері 31330 теңгені құрайды».

ТАКСИ ҚЫЗМЕТІ: САЛЫҚТАН ЖАЛТАРҒАН БІР САЛА



Жаңа жыл күнделікті тіршілікте үлкен өзгерістермен басталғандай сипат алды. Көлеңкелі нарықтан шығу үшін қазақстандықтар жеке кәсібін тіркеп, салық төлеуі тиіс. Биылдан бастап бұл міндеттеме такси жүргізушілері мен пәтерін жалға беріп пассивті кіріс алатындарға да қатысты болмақ, яғни, кәсіпкер санатына таксистер де қосылды. Енді олардың да деректері салық органдарының базасында есепке алынады. Бұл бастаманың дұрыс не бұрыстығын сараптап көрейік.

Мадияр ТОЛЕУ,
«Сыр бойы»

ОРТАША ЖАЛАҚЫДАН ЖОҒАРЫ МА?

Бұған дейін қоғамда таксистердің кейде тұрақты жұмысы барлардан да көп табыс тауып жататынын естіндік. Өңімізге негізсіз болмапты. Urban Forum зерттеуіне сәйкес, Қазақстанда такси агрегаторларымен 213 мың адам жұмыс істейді,

олардың 83 пайызы үшін бұл негізгі табыс көзі емес. Зерттеу көрсеткендей, агрегаторлармен жұмыс істейтін жүргізушілер дәстүрлі такси жүргізушілеріне қарағанда сағатына көбірек ақша табады. Жанармай шығындары, агрегатор мен такси паркін төлемдері, автокөлік жалдау және амортизация сияқты барлық шығындарды ескерсек, сапардан түскен таза кіріс 51 пайызды құрайды.

— Қазақстан бойынша 2022 жылы жүргізушінің

орташа табысы отын шығындарын және таксопарктер автокөлік жалдау ақысын есепке алмағанда 493 мың теңгені құрады. Бұл көрсеткіш Астанада 665 мың теңгеге жетті, одан кейін Алматы (615 мың) және Шымкент (460 мың) тұр. Жүргізушілердің таза табысы Қазақстандағы орташа жалақыдан кем түспейді, — деген сарапшылар.

3-бет

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ҚҰРЫЛЫС:
ҚАРҚЫН МЕН САПА ӘРКЕЗ БАҚЫЛАУДА

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев құрылыс саласында жұмыс істейтін мекеме өкілдерімен кездесіп, алдағы жоспарларды пысықтады. Аймақ басшысы Сыр өңірі кейінгі жылдары құрылыс қарқыны бойынша республикада алдыңғы қатарда екенін атап өтіп, биыл да осы оң тенденцияны сақтауға шақырды.

– 2023 жылы 177 жобаны жүзеге асыруға 87,1 млрд теңге қаржы бөлініп, 2022 жылмен салыстырғанда 3,5 есе артты. 2024 жылы 110 нысанды салуға 94,5 млрд теңге бөлінді. Қаражат жыл аяғына дейін есәуір көбейтін болады. Бұл – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының Сыр өңіріне деген ерекше қолдауының нәтижесі.

Өткен жылдың қараша айында Құрылыс және өнеркәсіп министрлігінің бастамасымен Қызылорда облысында құрылыс және тұрғын үй инфрақұрылымын дамыту мәселелері жөнінде республикалық жиын өтті. Жиынға министрліктің, республикалық мекемелердің басшылары, барлық өңірден құрылыс және энергетика саласына жетекшілік жасайтын облыс әкімінің орынбасарлары, басқарма

басшылары қатысты. Онда өздеріңізбен бірге атқарылған жұмыстар таныстырылып, біздегі оң тәжірибе басқа аймақтарға да таратылуы керектігі айтылды, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Облыс әкімі өңірдегі құрылыс нысандарының жобаларын талдайтын кеңес жұмысын қайта жандандыруды тапсырды. Еске алсақ, аймақ басшысының тапсырмасымен құрылыстардың тиімділігін әрі сапасын қадағалайтын арнайы кеңес құрылды. Онда салынатын нысанның сапасы, орналасатын жері, халыққа қажеттілігі жан-жақты талқыланып, тиімділері ғана қолдау таппақ.

Жиында облыстық құрылыс, сәулет және кала құрылысы басқармасының басшысы Ерлан Торалиев құрылыс нысандары

бойынша баяндама жасады, ал облыстық бақылау жөніндегі басқармасы басшысы Ғанижан Қалиев салынған нысандардың сапасы туралы айтты.

Кейбір құрылыс нысандарында кемшіліктер кездеседі. Ғимараттардың әрлеу жұмыстары, қолданылған материалдары сапасыз болғандықтан, мердігер мекемелерге тиісті нұсқаулар берілді. Нұрлыбек Машбекұлы «Отбасы орталығы» мен демеушілік арқылы жүзеге асқан «Анағат» орталығы өте сапалы салынғанын атап өтті. Алдағы уақытта құрылыс нысандарын табыстайтын барлық мердігерлерден осындай нәтиже күтіледі және талап етіледі. Сондай-ақ аймақ басшысы әрбір жаңа құрылыстың сапасына қала және аудан әкімдерімен қатар салалық басқарма басшылары да жауапты екенін ескертті. Нысанның орналасқан жеріне, тұрғындарға қолжетімді болуына, кент және ауылдық аймақтардағы көшелермен үйлесім табуына қала және аудан әкімдері тікелей жауапты екенін назарға салды.

ПІКІР-ПАЙЫМ

БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ –
ТҰРАҚТЫЛЫҚ

Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбаты бариметді бей-жай қалдырған жоқ.

Саяси-әлеуметтік, тарихи маңызы мен мағынасы терең сұхбатта еліміздің одан әрі саяси, әлеуметтік-экономикалық даму бағдары нақты белгіленіп отыр. Бүгінгі күні жүргізіліп жатқан саяси реформалармен бірге, экономиканы әртарапандыру және монополиядан арылту, инфрақұрылымды дамыту, инвестиция тарту жұмыстары қарқынды дамыды. Мемлекет басшысы елімізде жайлы мектептер бой көтерумен қатар, жүздеген ауылдарда денсаулық сақтау нысандарының салынып жатқанын, әлеуметтік тұрғыдан осал топтағы азаматтарға кешенді түрде қолдау көрсету үшін Әлеуметтік кодекс қабылданғанын, табиғат қорғау мекемелері қызметкерлеріне қосымша төлемақы, сонымен бірге медицина саласы, мектепке дейінгі мекемелер, мектептер мен колледждерде жұмыс жасайтын педагогтер жалмақасының өскендігін және бұл жұмыстар жүйелі түрде 2024 жылы жалғасын табатынын ерекше атап өтті. Бұл осы салада қызмет жасайтын барша азаматтардың көңіліне үміт пен қуаныш ұялататыны анық емес пе?

Ұлт болашағына қатысты тағы бір басты мәселе – Ұлттық қордан балаларға қаржы бөлудің заңмен шешілгені. Мұның дәлелі – 2024 жылдан бастап жүзеге асырылатын «Келешек» біріншілік ерікті жинақтау жүйесін енгізу.

Сұхбатта аталып өткен тағы бір маңызды бағыт Халықаралық ынтымақтастық мәселесі. Бұл туралы Мемлекет басшысының «Орталық Азия – геосаяси ахуалға қатысты өз пайымы бар әрі қарқынды дамып келе жатқан аймақ. Бүгінге бұл өңір сауда, инвестиция, бизнес пен инновация үшін жаңа мүмкіндіктер орны болып отыр. Сол себепті әлем елдері Орталық Азияға айрықша назар аударуда. «С5+» үлгісі маңызды диалог алаңына айналды» деп ерекше назар қойып атап өтуі тегін емес. Мұның бір дәлелі кейінгі жылдары елімізде көптеген жетекші

шетелдік жоғары оқу орындарының, ғылыми-инновациялық орталықтар филиалдарының ашылуы деуге болады. Бүгінгі күні шетелдік әріптес жоғары оқу орындарынан, оның ішінде Шығыс Еуропаның, Ресей мен Беларусьтің және Орталық Азия мемлекеттерінің университеттерінен бірлескен жобалар туралы кері байланыстар бар. Бұл – жақын уақыттағы болашақтың еншісінде атқарылатын шаруалар.

Қандай мәселе көтерілсе де бүгінгі күні ұлттық идеология ең басты болып қала бермек және барлық салада жүйелі түрде қалыптасу керек. Сондықтан ол еңбекқорлық пен жаңашылдыққа бастайтын ел экономикасының барлық салаларында басты құндылық болса, дамудың даңғыл жолы кенейі беретіні анық. Бұл туралы Президент: «... ұлтымыз өсіп-өркендеген десек, біз жақсыдан үйреніп, жаманнан жирене білуіміз керек».

Қоғамда еңбекқорлық пен жасампаздық жоғары бағалануға, білімпаздық пен жаңашылдық салтанат құруға тиіс» деп түйінделді.

Сұхбатта ел болашағы жастарға қатысты да ерекше ой айтылып, Мемлекет басшысы «қазақ елінің жастарына сенемін» деді. Жаңа мамандықтар мен жаңа технологиялардың пайда болу дәуіріне төтеп беретін жаңа кәсіби дағдыларды меңгеруге, озық білімін тиімді пайдалануға қабілетті жастардың рөлі арта түспек. Президент сөзімен айтар болсақ «ойы ұшқыр жастарымыз болашақты бағамдай алады әрі дәйекті дамуға ұмтылады».

Осы орайда Президенттік кадр резервінің жасакталуы, кәсіби жас мамандар мемлекеттік қызметте, басқа да салаларда басшылық қызмет атқара бастағаны – уақыт талабы.

Жалпы сұхбатта айтылған әлеуметтік-экономикалық мәселелерді тағы бір зерделейтін болсақ, оның нақты дәлелі мен көріністерін кейінгі жылдары Сыр өңірінде жүзеге асырылып жатқан орасан зор серпінді инвестициялық жобалардан, салынып, пайдалануға беріліп жатқан бірнеше ондаған әлеуметтік, денсаулық сақтау нысандары, мектептер мен балабақшалар, тұрғын үйлер, басқа да көптеген мәдени абақтандыру жобаларынан көруге болады.

Түйіндей айтқанда, өткенге зерделей қарап, алдағы уақытта қазақ елінің одан әрі серпінді дамуы, ұлттық біртұтастықты сақтау жолында әрбір азамат уақытпен санаспай, аянбай еңбек етуі қажет деп санаймыз.

Абайбек ЖҮНІСОВ,
техника ғылымдарының
кандидаты,
қауымдастырылған профессор,
Қызылорда ашық
университетінің
бірінші проректоры

ТАРИХИ ҒИМАРАТТЫҢ ЖАҢА БЕЙНЕСІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ҚР Парламенті Сенатының депутаты Руслан Рүстемов, Мәжіліс депутаты Мұрат Ерғешбаевпен бірге қайта жаңғыртудан өткен теміржол вокзалына барды.

Тарихи ғимаратты қайта жаңғыртуға «Қазақстан Темір Жолы» компаниясынан 322 млн теңге және жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігі есебінен 255 млн теңге қаржы бөлінді.

Эскиздік жобаға сәйкес ғимараттың сыртқы бетіне травертин плиталарын

монтаждау, шатырын, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған пандустарды, суағарды, су, көріз және жылу жүйелерін жөндеу, қала жақ бетін қалғандыру жұмыстары жүргізілді. Ішкі бөлмелеріне жөндеу жасалды. Мұнан бөлек, 2 жолыушылар платформасына жаңадан асфальт төселіп, төрт

көзді 10 жарықшам орнатылды.

Екінші ғимарат та әдемі кейіпке еніп, әкімшілік ғимаратының сырты әрленді, есіктері ауыстырылды, 200 шаршы метр шатыры жөндеді. Жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен перрон және автотұрақ асфальтталып, жарықшамдар қойылды. Оған қоса вокзал маңындағы нысанның сыртқы қасбеті қапталды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМІ АППАРАТЫНДА ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ
ӨКІЛДЕРІН ЖЕКЕ МӘСЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАУДЫҢ
2024 ЖЫЛДЫҢ I ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН КЕСТЕСІ

Аты-жөні, тегі	Лауазымы	Қабылдау күндері	Қабылдау уақыты
Нәлібаев Нұрлыбек Машбекұлы	Облыс әкімі	Әр айдың 4-ші жұмасы	Белгіленген уақытта
Қожаниязов Серік Салауатұлы (облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары, табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу, мемлекеттік сатып алу, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, құрылыс, сәулет және қала құрылысы, кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармаларының қызметтеріне жалпы бақылау жасау, «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясына жетекшілік жасайды. Сонымен қатар, облыстың құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету, қоғамдық қауіпсіздікті және тәртіпті сақтау жұмыстарын үйлестіреді)	Облыс әкімінің бірінші орынбасары	Әр айдың 2-ші жұмасы	Белгіленген уақытта
Жаналинов Данияр Еренғалиұлы (облыстық экономика және қаржы, жолшығару көлігі және автомобиль жолдары және бақылау жөніндегі басқармаларының қызметтеріне жалпы бақылау жасау)	Облыс әкімінің орынбасары	Әр айдың 3-ші бейсенбісі	Белгіленген уақытта
Шермағанбет Мейрамбек Зинабидиұлы (облыстық білім, денсаулық сақтау, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар және ветеринария басқармаларының қызметтеріне жалпы бақылау жасау)	Облыс әкімінің орынбасары	Әр айдың 2-ші сәрсенбісі	Белгіленген уақытта
Нұртай Қайрат Ырзақұлұлы (Байқоңыр қаласының әкімшілігі, Төретам кенті және Ақай ауылдық округі әкімінің аппараттары арасында өзара қарым-қатынасты ұйымдастыру, Төретам және Ақай елді мекендерін дамыту мәселелері)	Облыс әкімінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі	Әр айдың 1-ші бейсенбісі	Белгіленген уақытта
Байманов Шахмардан Асқарұлы (облыстық қоғамдық даму, мәдениет және спорт, дін істері басқармаларының қызметіне жалпы бақылау жасау)	Облыс әкімі аппаратының басшысы	Әр айдың 3-ші сәрсенбісі	Белгіленген уақытта

Азаматтарды қабылдауға алдын ала жазылу Қызылорда облысы әкімдігінің ғимаратында мына мекен-жай бойынша жүргізіледі: Қызылорда қаласы Сұлтан Бейбарыс көшесі №1, 1-қабат, №139 бөлме. Анықтама телефоны: 40-11-91 (7046).

Қызылорда облысы әкімінің аппараты

ОЗЫҚ ОЙ –
ОРНЫҚТЫ ДАМУ

Жалпы «Egemen Qazaqstan» газетінде берілген сұхбаттың «Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қаруымыз керек» деп аталуы көп дүниені білдіреді. Біздің ойымызша, озық ойлы ұлт алға қаруы керек деген идея болашақтағы жаңашылдық, өсу және әлеуметтік дамуды көздейтін көзқарасты көрсетеді. Өйткені, алға қаруға екпін беру инновациялар мен прогреске ұмтылу міндеттемесін танытады. Прогрессивті ұлт өмір сапасын жақсарту және экономикалық дамуды ынталандыру үшін технология, ғылым, білім және басқа салалардағы жетістіктерге басымдық береді.

Президент идеясы өзгерістерге бейімделуге дайын болуды мензейді. Сондықтан оң өзгерістер мен эволюцияға ықпал ететін жаңа идеялар, технологиялар және әлеуметтік нормаларды қабылдау маңызды. Озық ойлы ұлт ұзақ мерзімді жоспарлар және пайымдаулармен өмір сүреді. Мұндай әрекеттер тұрақты даму, әлеуметтік әділеттілік және жаһандық бәсекеге қабілеттілік секілді болашаққа өршіл мақсаттар мен стратегияларды белгілеуді қамтиды.

Жаңа технологияларды енгізу – болашақтың негізгі аспектісі. Осы процеске ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерге инвестиция құю, денсаулық сақтау, білім беру және инфрақұрылым секілді қоғамның түрлі аспектілеріне технологиялық инновацияларды енгізу кіреді. Озық ойлы ұлт жаһандық

қоғамдастықпен белсенді араласуды.

Мемлекет басшысы 2022 жылы саяси жаңғыру жалғасқанын, реформаның негізгі мақсаттары әділ және теңгерімді саяси жүйені құру екенін атады. Жалпы «саяси жаңғыру» термині саяси ландшафттың жаңару, жандану және қайта құру кезеңін білдіреді. Бұл саяси құрылымдағы, идеологиядағы, саясаттағы және басқару тәжірибесіндегі өзгерістерді қамтиды. Реформаларды жүзеге асыру қолданыстағы саяси жүйеге мақсатты өзгерістер мен түзетулер енгізіліп жатқанын көрсетеді. Реформалар кемшіліктерді жою, тиімділікті арттыру және қоғамның өзгермелі қажеттіліктеріне жауап беру үшін маңызды. Әділ және теңгерімді саяси жүйені құруға назар аудару теңдік, әділдік және өкілдік қағидаларына адалдықты білдіреді. Осы қағидалар саяси теңсіздік, сыбайлас жемқорлық және саяси билікті бөлудегі теңгерімсіздік мәселелерін шешеді. Президент ұсынған реформалардың табысты болуы олардың тиімді жүзеге асырылуы, қоғамның қалыптасуы, қағидаларды қолдайтын әлеуметтік институттардың құрылуына байланысты.

Алға қаруға мән берілгенімен, озық ұлт үшін өткеннен сабақ алудың да маңызы зор. Тарих сабақтары шешім қабылдауға және қателерді қайталамауға көмектеседі. Болашаққа қызығушылықпен қарау инклюзивтілікті қамтып, прогресс қоғамның барлық топтарына пайда әкелуін қамтамасыз етуі керек. Бұл әлеуметтік теңсіздіктерді жоюды және барлық азаматтар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін саясатты алға жылжытуды қамтиды.

Қорытайтқанда, Президент сұхбаты ашықтық, есептілік, жауаптылық және басшылық пен азаматтар арасындағы тікелей байланыс желісін ілгерілету арқылы қоғамның сенімін нығайту және қолдауға маңызды рөл атқарады деп ойлаймыз.

Мұрат НАСИМОВ,
саяси ғылымдарының
кандидаты,
қауымдастырылған профессор

ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІ ҚҰРЫЛЫСЫН КӨРДІ

Баспана қалың көпшіліктің тұрмыстық қажеттіліктерінің ең негізгісі болғандықтан, елімізде тұрғын үйге мұқтаж жандарды қамтамасыз етуге баса мән беріліп келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Халықтың басым көпшілігі үшін тұрғын үй – ең өзекті мәселе. Мемлекет шын мұқтаж адамдарға ғана жәрдем береді» деген болатын.

Осы орайда «AMANAT» партиясы өткен жылы облыста партияның сайлауалды бағдарламасы аясында халықтың әлеуметтік осал топтары үшін 1302 пәтер сатып алуды жоспарлаған болатын. Оның 400-і аудандарға тиесілі. Бүгінгі күнге оның 1301 пәтері сатып алынып, тұрғындарға берілуде.

Кеше Шиелі ауданында жұмыс сапарымен болған ҚР Парламенті Сенатының депутаты Руслан Рүстемов пен ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Мұрат Ерғешбаев өткен жылдың аяғында пайдалануға берілген кенттегі әрқайсысы 18 пәтерден тұратын 4 тұрғын үйдің құрылысын көрді.

Шиелі ауданында пайдалануға берілген үй көлемі жыл сайын артауда. Тамыз айында «Көкшоқы» мөлтек ауданынан үш қабатты 18 пәтерлі 4 тұрғын үй беріліп, 70-тен аса отбасы, Шиеліде 50 отбасы баспаналы болды.

Айта кетейік, аймақта тұрғын үйді пайдалануға беру көрсеткіші жыл өткен сайын артып келеді. «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы аясында былтыр 683, 2 мың шаршы метр тұрғын үй берілсе, өткен жылы 692,3 мың шаршы метр баспана табыстау көзделді. Арнайы қабылданған «Сыр жастары» бағдарламасы аясында облыста алғаш рет 100 жас отбасына тұрғын үй берілді.

Тұрғын үй үшін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым желілерінің 72 жобасы жүзеге асырылуда. Өткен жылы 41 жобаның құрылысы аяқталып, 520,3 шақырым инженерлік желілер жүргізілді. 18 көпқабатты тұрғын үйге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

ҰБТ-ға ӨТІНІШ БЕРУ 9 ҚАҢТАРҒА ДЕЙІН ҰЗАРДЫ

Бұл туралы Ғылым және жоғары білім министрлігінің желідегі парақшаларында дүйсенбі күні ақпарат жарияланды.



«Қаңтар айындағы ҰБТ-ға өтініш беру 9 қаңтарға (қоса алғанда) дейін ұзартылды. Өңірлерде қосымша орындар ашылады. Бұл туралы ақпарат парақшада дүйсенбі күні жарияланады» деп келтірілді министрлік хабарламасында.

Сонымен қатар министрліктегілер азаматтардан бос орындар туралы жалған ақпарат таратушыларға сенбеуді және өзекті жаңалықтарды тек ресми ақпарат көздерінен, яғни әлеуметтік желілердегі министрліктің, Ұлттық тест орталығының парақшаларынан және www.testcenter.kz сайтынан оқуды сұрады.

ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК: ДЕРЕК НЕНІ АҢҒАРТАДЫ?

Әрбір дүниенің есебі жасалған сайын қызық деректер жарыққа шығып жатыр. Соның ішінде қанша қазақстандық баспанасыз жүргені анықталды деп хабарлайды Massaget.kz.

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ берген ақпаратқа сәйкес, Қазақстанда 6 миллион 435 мың 175 адамның жеке меншікте бір баспанасы (пәтер немесе жеке үй) бар екені хабарланды. Елімізде жеке баспанасы жоқ қазақстандықтардың саны шамамен 6,9 миллион адам. Бұған, сонымен қатар, олармен бірге тұратын, бірақ мүлікке меншік құқығында үлесі жоқ меншік нелерінің жұбайлары жатады.

Қазақстанда 7 миллион 259 мың 231 жылжымайтын мүлікке құқық тіркелген. Олардың ішінде 944 849 азаматта 2 жылжымайтын мүлік, 286 502 азаматтың 3 және одан да көп жылжымайтын мүлкі, оның ішінде 10-нан астам жылжымайтын мүлікке ие 1669 азамат бар. Кәмелетке толмағандардың есебінде 91 534 жылжымайтын мүлік нысаны тіркелген көрінеді.

«Ақпараттық жүйеде тек жылжымайтын мүлікке меншік құқығын тіркеген азаматтар туралы ақпарат қамтылғанын хабарлаймыз. Сонымен қатар, жылжымайтын мүліктің заңды кадастрында «Экономикалық белсенді халық» критерийі бойынша ақпарат жоқ екенін хабарлаймыз» деп қорытындылаған компания.

«СБ» ақпарат

МОБИЛЬДІ АУДАРЫМНАН МАЗА КЕТТІ

Зандағы өзгерістер адал салық төлеушілерге әсер етпейді. «Бұл – заңсыз кәсіпкерлік қызметті көлеңкеден шығаруға бағытталған шарша» дейді мамандар. Заңға кайшы іс-әрекет жасаған кәсіпкерге алдымен ескерту беріледі. Бір жыл ішінде қайталанатын болса, саудагерге 20 АЕК айыппұл салынады. Бұл – 73 мың теңге. Алайда жеке тұлғалар, бұрынғыдай өздерінің жеке мақсаттары үшін – туыстарына, достарына, ата-аналары мен балаларына және басқа да өмірлік жағдайларға арналған аударымдарды жасай алады және қабылдай алады.



КӘСІПКЕРГЕ НЕ КЕДЕРГІ?

Мәселенің екі жағы барын ескерсек, салыққа қатысты бірнеше жайттар кәсіпкерлер жұмысын жасауға кедергі келтіретін секілді. Жеке дүкен ашып, анасымен бірге сауда жүргізіп отырған Гүлжайна Алматының пікірінше, электронды төлем қабылдаудың пайдасынан шығыны көп.

– Бонустың тиімділігін халық, 1-бет

3%-дың пайдасын салық көреді. Онымен қоймай банктің ұстайтын 1%-ы тағы бар. Кюардың лимитінен асып кетсең, айыппұл төлейсің. Күнделікті кюармен төленген сумманың барлығы кәсіпкердің қалтасына түсіп жатыр деп ойлайтындар бар. Ол жай ғана айналымда жүрген ақша деп түсіну керек. Алдыңғы жылы кюар қойған кәсіпкерлер былтыр алып тастады. Өйткені кейбіреулер 50 миллионға дейін айыппұл төледі. Күнтүн демей үй көрмей, бала-шағаның қамы үшін анад-пұлын айырып отырған қаншама шағын кәсіп иелері бар. Кәсіпкер болу оңай емес. Қаншама

жұмысшы бар, коммуналдық төлемдер, жалға алса оның ақысы, салық, несие дегендей, осының барлығын есептей беріңіздер. Электронды аударымның шикі тұстары өте көп. Қазір ешкім қолына нақты ақша ұстағысы келмейді. Айталық, жәрдемақы, айлық, зейнетақының барлығын басқа банктен шешіп алып, оны Каспийге саламыз. Бүкіл қарызы сонымен жинаймыз. Бұның бәрі кіріс емес қой, – дейді ол.

Иә, кәсіпкер сөзінің де жаны бар. Бізде шағын өндіріс орындары нәліктен аз? Оларға мемлекет тарапынан жасалатын қолдау болғанымен, салыққа келгенде жеңілдіктер қаншалықты қарастырылған? Мүмкін, ең алдымен, кәсіпкердің ісін дамытуға барлық жағдайды қарастырып, содан соң талап ету жөн шығар. Ақпараттық технологиялардың дамыған заманында бұл көрініс күшті көрінеді екен.

ЭЛЕКТРОНДЫ АҚША ҚАЙДАН ШЫҚТЫ?

Жалпы, электронды ақшаның не екені барлығымызға түсінікті болар. Дегенмен оның шығу тарихы жайлы біле

бермейміз. Оның тарихы сонау 1918 жылы АҚШ-тың Федералдық резерв банкі телеграф арқылы ақша жіберуінен бастау алған. Араға уақыт салып, 1993 жылы электронды ақшаның дамуы қайта қолға қойылып, содан бері дебет және кредит карталарын қолдану ғана емес, интернет арқылы сауда-саттық жасау да кенінен тарала бастады. Ал отандық нарыққа электрондық ақша жүйесінің жаңа төлем құралы ретінде енуі 2011 жылғы 21 шілдеде «Электронды ақшалар сұрағы бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының қабылдануынан бастау алды. Қабылданған заң алғаш рет елімізде «электронды ақша» деген ұғымды енгізіп, оның құқықтық мәртебесін бекітті. Электронды ақшаны пайдалану қабылданған заңға сәйкес, басқа да төлем құралдары – төлем карточкалары, чектер, вексельдер, төлем тапсырмалары сияқты төлем жасау тәсілдеріне жатқызылды.

Сөз түйіні. Дамыған елдерде айтылатын мынадай сөз бар: «Бірінші ажалдан, екінші салықтан құтыла алмайсың», яғни көптеген елде салық төлеу мәдениеті қалыптасқан, салық төлемеген адам қоғамнан оқшауланады. Мүмкін көлеңкелі кәсіптің жолын кесу үшін бізге де сол нәрсе керек шығар. Салық – халықтың қазынасы. Сол арқылы айлық аламыз, сол арқылы зейнетақы, шәкіртақы беріледі. Бұл – қоғамдағы үнемі айналымда болатын механизм. Өйтсе де, дәл қазір мобильді аударымдарға қатысты мәселе талайды толғандырып отыр.

ПИЛОТТЫҚ ЖОБАНЫҢ ПАЙЫМЫ

Жүргізушілердің табысы жақсы дегенмен, осыған дейін бір кемшілік болатын. Олардың әлеуметтік сақтан-дыруына, зейнетақы қорына мүлдем ақша аударымайтын. Сондықтан биылдан бастап салық төлеушілер тізіміне қосылуының жақсы жақтары да бар.

Мәселе мынада: кейбір жүргізушілер такси қызметін негізгі табыс көзіне айналдырып алса, енді біреулер тек бос уақытында ғана жұмыс істейді. Өз кезегінде екінші санаттағылар азғантай табысы үшін салық төлегісі келмейтіні онысыз да белгілі. Алайда Мемлекеттік кірістер комитеті бұл сұрақты жауабының нүктесін қойған. Қазақстандықтар негізгі жұмыстан кейін қосымша жұмысынан бастап өз

де қалтасын қағуда. Әр жүргізушінің күндіз табысының шамамен 20-25 пайызын «Яндекс» пен таксопарктер баса, оларды жарытарлық күн көреді деп айта алмаймыз. Зейнетақы, медсақтандыру төленбейді, ешқандай әлеуметтік төлем жасалмайды. Такси жүргізушілері елдегі орташа айлық көлемінде ақша табады, алайда күніне кемі 10-12 сағаттап жұмыс істейді. Содан қарсы тараптың пікіріне ұшыраймыз.

босап кетті. Ал жәбірленуші тарапқа 6 мың теңге қана төленді. Оның бәрінде алпауыт компания тыс қалды, яғни, «Яндекс» жүргізушілердің мүддесін қорғайды, – дейді ол.

Оның сөзінше, мұндай проблемалар көптеп кездеседі, соның бәрінде «Яндекс» хабарласа алмайды. Тек робот жауап қатып, әр нәрсені сұрағандай болады екен. Міне, алпауыттың қауіпсіздікке жауап бермейтінінің анық

ТАКСИ ҚЫЗМЕТІ: САЛЫҚТАН ЖАЛТАРҒАН БІР САЛА



2022 жылдың соңында біз осы мәселеге байланысты Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ерекше ұсыныс даярлауға ниеттеніп жатқанын білген едік. Сол кезде ведомствоның ұстанымы бойынша такси қызметіндегі жүргізушілерді салық төлеуге міндеттеп, салмақ салудың қажеті жоқ болатын. Ойластырған дүние келесідей: Еңбек министрлігі «Яндекс.Такси», «Индрайвер» секілді алпауыт такси компанияларымен келіссөз жүргізуге кіріседі. Бұл компаниялар адам тасымалдайтын өзіне қарасты жүргізушілерден комиссия алатыны белгілі. Ал ведомство компанияларды комиссиядан түскен ақшасының 4 пайызын жүргізушілердің әлеуметтік төлемдеріне аударуды міндеттемекші болған. Бұл тұста Ұқымет те, жүргізушілер де ұтылмайтындай көрінген.

Бірақ аталған ұсынысқа өзгерістер енгізіліп, пилоттық жоба түрінде сыналып жатыр. Мемлекеттік кірістер комитеті «Яндекс.Таксимен» бірлесіп, Астана мен Алматы қаласында такси жүргізушілері үшін платформалық жұмыспен қамту бойынша пилоттық жобаны іске қосты. Жүргізушілердің келісімімен салық пен әлеуметтік төлемдерді ұстап қалу мен аударуды «Яндекс» жүргізбек. Бұл ретте әлеуметтік төлемдер такси жүргізушісінің алған табысының сомасына қарай айқындалады.

Дегенмен салық төлеу жайына қатысты әркімнің ұстанымы бірдей емес.

1-бет

кірістерін декларацияда көрсетуі керек. Бос уақытта да тасымалдайсыз ба, төрт пісіресіз бе, әлде тоқыма тоқысыз ба, бәрібір – декларацияда көрсетуге мәжбүрсіз.

ТАКСИ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ЖАЛҒЫЗ «ТИРАН»

Салықты айтпағанда, бұл салада шикілік жетерлік. Жалпы, кейінгі 10 жылда Қазақстанда такси бағасы орта есеппен 5 есеге өскен. Әсіресе елдегі такси қызметінің басым бөлігін қол астында ұстайтын «Яндекс.Такси» компаниясы бағаны жиі құбылтуға бейім. Мысалы, Қызылордада айтарлықтай кептеліс жоқ, дегенмен адамдар ағыны артатын таңғы және кешкі уақытта бағаны 1 мың теңгеден төмен түсірмейді. Ал Алматы секілді үлкен қалалардағы кептеліс кезінде қаланың ішіндегі тасымалдар үшін бағаны 2,5-3,5 мың теңге аралығында белгілеп жатады. «Яндекс.Такси» компаниясына ғана ерекше тоқталып тұрғанымыз бекер емес, кейбір өңірлерде біздегі «Жұлдыз.Такси» секілді ірілі-ұсақты компаниялар бар, бірақ олар елдегі баға саясатына қатты ықпал ете алмайды.

Енергетик есебінше, Қазақстан такси қызметінің бағасы бойынша ТМД-да Әзербайжаннан кейінгі екінші орынға жайғасқан. Өйткені бәсекелестік жоқ, ол жоқ жерде баға жоғары болады. Елдегі ең танымал жалғыз компания сол ғана, басқа таңдау аз. Сондықтан ол жолаушылармен қоса жүргізушілердің

жүргізушілер көбейіп кеткен.

2022 жылы «Яндекс.Такси» қызметінде 150 мыңнан астам қазақстандық тіркелгені анықталған. Қазір бұл санның біршама артқаны анық. Компанияға таксопарк иелері де ренжуді. Кей таксопарктердің «Яндекс» қосымшасына тіркеліп, агрегаторлар ретінде жұмыс істейтінін білеміз. Олардың қол астында жүргізушілер болады. Таксопарк иелері ең басты мәселенің бірі – жүргізушілердің қауіпсіздігі екенін айтып отыр. Табыстан үлес алып отырғанына қарамастан «Яндекс» жауапкершіліктің барлығын соңғы орынға ысырып тастаған. Бұны бізге «Автомода» таксопаркін басқарған Гүлбаршын Думан айтты.

– Біріншіден, бағаны «Яндекстің» басшылығы белгілейді. Ал таксопарктерде мұндай мүмкіндік жоқ. Баға әсіресе жауынды күндері, кептеліс кезінде көтеріледі. Екіншіден, қазір жүргізушілер табыстың 20-25 пайызын түгелдей «Яндекс» алады деп ойлайды. Негізгі компания 15-18 пайызын, қалған 3-5 пайызын ғана таксопарк иеленеді. Үшіншіден, ең басты айтқымыз келгені – «Яндекс» жүргізушілер арқылы табыс таба тұра, мойнына жауапкершілік алмайтыны. Кесірі таксопарктерге тиеді. Мысалы, бұған дейін адам тасымалдап жүрген жүргізушіні пышақтап кеткен жағдай кездесті. Одан соң адам алып келе жатқанда бір жүргізушімізді әскери қызметші жеке автокөлігімен соқты. Бірақ әскери қызметші эпидемииямен ауырады делініп, жауапкершіліктен

көрінісі. Жүргізушінің көлігі бұзылып, жолда қалғанда да эвакуатор шақыруды мойнына алмайды. Айналып келгенде, әбігерге түсетін – жүргізушінің өзі.

ЖҮРГІЗУШІДЕ ДЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК БАР

Сонымен, жүргізушілер жайын айттық, ал жолаушы қауіпсіздігіне кім кепіл? Жолаушы ретінде «Яндекс.Go» қосымшасы арқылы такси шақыртсаңыз, жүргізушінің аты-жөні, фото-суреті, рейтингі көрініп тұрады. Дегенмен жүргізушілердің кейбірі өзі жайлы мәліметті дұрыс енгізбейді екен. Гүлбаршын Думанның айтуынша, такси жүргізушілері екі аптада бір рет фото-бақылаудан өтеді, яғни, өзін тек бет-бейнесін, автокөлік салонын, шаңағы мен жүргізуші куәлігін, техпаспортын суретке түсіріп, бағдарламаға жүктеп, тіркеп отыруы тиіс. Бірақ жүргізушілер деректерін дұрыс көрсетпей жататын кездер болады. Жұбайының, ағасының немесе әкесінің деректерін тіркейді де, басқа адам таксист болып жүре береді. Бұдан соң жолаушылардың арыздануына негіз бар. Жалған мәлімет арқылы жолаушы тасымалдайтын жүргізушілердің салғырттығы да қауіпсіздік мәселесін үдетіп отырғандай. Оның үстіне жүргізушілер негізсіз жолаушымен конфликтке баратын оқиғалар жиі кездеседі. Ал олардың мұндай кемшілігін реттеуде саланы толықтай заңдастырып тастаудың көмегі мол болары анық.



Анық серкемеден алтынды

Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында берілген мәліметке назар аударсақ, Тайлак Мәтіұлы Әбілқайыр ханмен үзінгілес, құрдас әрі ақылшы-көнеңісі болған. 1726 жылы Ордабасы құрылтайына, 1727 жылы Бұланты және 1729 жылы Аңырақай шайқастарында Кіші жүз жасағын басқарған атақты қолбасшылардың бірі.

Қоғам қайраткері М.Төлепберген «Саңырық батыр» тақырыбында жазған мақаласында: «Саңырық пен Тайлак батырларды жалпыұлттық батыр деңгейінде және сол биіктікте тану ерен еңбекті бағалау және ақиқатқа жүгіну деп санаймыз. Ел арасынан алынған деректерге қарағанда, Саңырық Тоқтыбайұлы өзі Тайлак Мәтіұлының жиені, жұса жағынан нағашысынан кіші, бірақ көп емес, нықтас, замандас деуге болады» деп жазған.

Ол әуелі ұрыстарда өзінің әкесі Мәті би, туыстары Шом батырмен бірге жүріп үйренген. Солардың үлгі-өнегесін алған. Асқан батыр, әскери өнерді жетік меңгерген және ұрыс айла-тәсілдерін шебер ұйымдастырушы, қолбасшы ретінде көзге түскен. Қазақ-қалмақ арасындағы шайқастарға ағасы Дербіс батыр екеуі, сондай-ақ, Саңырық батырдың інісі Сарымерген және ағасы Дөнен де қатысқан екен.

Батырға қатысты деректер

М.Тынышбаевтың «Қазақ халқының тарихы», І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясының «Жанталас», Ә.Келібаевтың «Үркер» романында, Ә.Әлімжановтың «Жаушы», С.Байдәулетовтің «Алтын киімді, ханзада ұранды қарт қазақтар», С.Қойшыбаевтың «Тұлпар» кітабында Тайлак батырдың ерлігі суреттелген.

Қазақ пен қалмақ шайқастары туралы І.Есенберлин «Жанталас» кітабында: «Қазақ елі қалмақ қырғынынан кейін екі жыл уақыт өткенде есін жиып, басқыншыларға қарсы тұрды. Ең алғашқы жеңісті Кіші жүз Тайлак батыр мен Ұлы жүз Ошақты руынан шыққан Саңырық батыр әкелді. Бұлар Бұланты-Білеуті өзендерінің ортасындағы «Қара сир» деген жерде қалмақтың қалың қолымен бетпе-бет айкаста ойсырата жеңді» деп жазған еді. Бірақ І.Есенберлин М.Тынышбаев еңбегіне сүйеніп, жаңылыс жазған. Тарихи орынның шынайы атауы – «Қарасүйір».

Жазушы Әнуар Әлімжанов «Жаушы» романында Әбілқайыр хан өзінің ру басылары мен батырларына дөңгелек мөр алтын тайтұяқ үлестірген. Оның бетінде батырлардың ерекшеліктеріне қарай бүркіт, қабылан, жолбарыс, таутекенің айырма белгісі болғанын жазған. Осы тарихи кітапта Бөгенбай, Малайсары, Саңырық, Қабанбай батырларға алтын арыстан белгісі бар алтын тайтұяқ, ал Тайлак батырға бүркіт бейнелі алтын тайтұяқ сыйлағаны баяндалады. Одан кейін Тайлак батыр көбінесе Бірғыз даласында бас батыр ретінде суреттеледі.

Осы аталған шығармаға назар аударсақ, қалмақтардың көмекке келе жатқан тың күшін талқандап, кейін қарай қуып тастаған соң өзінің сарбаздарын бастап Бұлантыға қарай жол тартқан Бөгенбай батырды Саңырық пен Тайлак зор қошеметпен қарсы алды. «Қапсағай бойлы, кең кеуделі Бөгенбай асқарқын, сабырлы еді. Ол батырлармен шын бауырларша көрісіп, өзінің дархан мінезімен құрмет пен сенімге ие болды. Кездесуден кейін Тайлак пен Саңырық бірауыздан Бөгенбайды орталарынан бас батыр етіп сайлады» деп мәлімет келтірген.

XVIII ғасырдағы қазақ тарихын зерттеуші М.Вяткин «Очерки по истории Казахской ССР» деп аталатын еңбегінде орыс дерекзодеріне сүйене отырып, қазақ-қалмақ шайқасы туралы: «Басқыншылықпен келген қалмақтарға тойтарыс беруді қарапайым халық ішінен шыққан батырлар ұйымдастырады. Атап айтсақ, Кіші жүзді Тайлак, Ұлы жүзді Саңырық және Орта жүзді Бөгенбай батырлар ұйымдастырып шықты. Олар 1727-1729 жылдары қазақ-қалмақ шайқастарында жеңіске жетіп, жауға тойтарыс берді» деп нақты тарихи дерек негізінде атап көрсеткен.

«Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама»

1723 жылдың көктемінде жоңғарлардың қалың қолы шабуыл жасады. Шапқыншылар еліміздің оңтүстік өңірінде бейбіт елді қырғынға ұшыратып, Түркістан, Сайрам, Ташкент қалаларын жаулап алды. Осы жылы қазақтар шайқас даласында 100 мыңға жуық жауынгерінен айырылды, ал қорғансыз халықтың шығыны одан әлдеқайда көп болды. Әсіресе, Талас, Боралдай, Арыс, Шыршық, Сырдария өзендері бойында көп қырылды. Тірі қалғандары атамекенін тастап шықты. Тарихта бұрын болып көрмеген, қазақ халқының үдере қашқан босқыншылығы туды. Ұлы жүз, Орта жүздің шағын бөлігі Сырға, Шыршыққа құятын тұстан сәл жоғары өткелден өтіп Ходжент, Самарқан иеліктеріне көшті. Кіші жүз Сауран қаласын айналып («Сауран айналған») Бұқараға ауды. Халықтың басым көпшілігі Сырдан өтіп, Алқакөлге жетіп құлады. Кейбір ру-тайпалар Қызылқұм, Қарақұм ішіне сінді. Осы тұста халықтың жүрегінде мәңгі сақталған мұндағы «Елім-ай» әні дүниеге келді.

1723 жылғы қалмақ билеушісі Цеван Рабдан қазақтың көбін қырып, қалғанын қуып жіберген. Қазақтар аш-жалаңаш, жаю шұбап бір қолдін басына келіп, қолд айнала сұлап жатыпты. Сонда бір ақсақал кісі айтты:

– Балалар, адам бастан кешкен жаңалықты қандай ұмытпаса, жаманшылық көргенін де сондай ұмытпау керек. Біздің бұл көрген бейнетіміздің аты «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» болсын депті. Мағынасы – табанымыз ағарғанша жаю жүріп, қолд айналдып жатқан күн еді және сол жолда айтылған, қазақтың ескі өлеңі мынау:

– Қаратаудың басынан көш келеді,

Көшкен сайын бір тайлак бос келеді. Қарындастан айырылған жаман екен, Екі көзге мөлтілдеп жас келеді... – деп бұрынғы қайғылы оқиға туралы Шөкәрім Құдайбердіұлы да жазған екен.

Қазақ халқы өз өміріндегі аса ауыр апат, зор зобаланға тап болып, адам айтқысыз аянышты күндерді басынан кешірді. Ата-қоныс, құтты мекен, мал-мүлкінен және баспанасынан айырылып, аш-жалаңаш, жаю-жалпы шұбырған қарапайым халық бұқарасы қатты киналды. Ашаршылыққа ұшыраған жұрт жол-жөнекей жер желегін, шоптін тамырын, қозықұйрық сияқты жабайы өсімдіктерді теріп жеп, қайыр сұрап

тәулікке созылған ауыр шайқаста Қалмақ хандығының 30 мың әскері келісім сұрауға мәжбүр болды. Міне, Әбілқайыр хан бастаған қазақ батырлары Шығыс пен Батыстағы қалмақтардың өзара қосылуына және қазаққа қауіпті үлкен күшке айналғанына жол бермеді.

Ордабасы құрылтайы

Қазақ даласын сол бір жан-жақтан жау анталап, іргеден қиқу кетпей тұрған тұста күллі ұлтты ұйытып, рухани бірлікке

тік майданның әртүрлі бағыттарында жаулап алған аймақтарынан қалмақ жасақтарын белсенді түрде ығыстыра бастады.

Бұланты шайқасы

Қасиетті Ұлытау жеріндегі Бұланты-Білеуті өзендерінің аралығындағы кен жазықта қазақ халқының тағдыры шешілген шайқас болғаны анық. Қазақ жауынгерлері алғашқы жеңіске 1726 жылы Шубартеңіз маңында қол жеткізді. Одан кейін мықты қаруланған жоңғар әскеріне қарсы Ұлытау мен Сарыарқаны қорғау мақсатында 1727

Тайлак сардар



күнелтті. Әйелдер мен балалар және қарт адамдар адам төзгісіз жол азабына шыдай алмай, жапан тұзде қалап аштан қырылды. Бұл ауыр оқиға қазақ тарихында «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деп аталды.

Қалмақтарға қарсы жорық

Әбілқайыр ханның мол әскери күшпен Жайық бойында тосыннан пайда болуы Еділ қалмақтарының құтын қашырып, үрейін туғызды. Қазақтардың өздеріне қарсы бағыт алғанын анықтап білу үшін қалмақтар алдымен барлау тобын жібергенімен олардың көзі жойылды, тек біреуі ғана қашып құтылған. Осы кезде Әбілқайыр хан, Бұлқайыр сұлтан бастаған 20 мың қазақ қосыны Жайық өзенінен өтіп, Бақсай мекеніне тоқтаған. Ол туралы Досан тайшы 1723 жылы Астрахан губернаторы А.Вольнскийге хабарлаған.

Әбілқайыр хан бастаған қазақ қосыны 1723 жылы қыркүйекте және 1724 жылы көктемде Еділ қалмақтарына соққы беріп, сол күзде Түркістанға шабуыл жасап, қаланы қалмақтардың қолынан қайтарып алды. Сол тұста Сырдағы қарақалпақ ордасында болған башқұрт Мақсет молда Юнусов 1724 жылы 6 қарашада Сыртқы істер коллегиясына жолдаған хатында: «Әбілқайыр хан мен бүкіл қазақтар қазіргі уақытта Түркістанда, мұнда қазақтардан ешкім жоқ. Аюкенің жиені Шона батыр бұрын Түркістан шаһары мен 32 кентті алған еді. Әбіқайыр ханмен бірге қазақтардың бәрі жиналып, Түркістанға жорық жасап, Шона батырмен соғысып, оны қашуға мәжбүр етіп, Түркістан шаһарын қайтарып алды» деп хабарлаған.

Қазақ еліне Шығыс пен Батысынан қауіп төндірген және өзара қосылуға әрекеттенген Жоңғар хандығы мен Еділдегі Қалмақ хандығы болды. 1724 жылы Аюке хан қайтыс болды. Қалмақ хандығы Қазақ ордасының соғыс қуатын кем бағалап, қателескен сияқты. Айтқандарымызды оқиғаларды кейінгі өрістеуі дәлелдей түседі. Бұл кезде жоңғардың зор күші Шубар теңіз маңындағы Бұланты, Білеуті өзендерінің бойына шоғырланған еді. Мұндағы мақсат Еділ-Жайық жақтан келетін Аюке хан әскерімен қосылу болатын. Бірақ бұл жоспарды қазақ қолбасшылары іске асыртып тастады. Сәмеке, Әбілқайыр хан, Барақ сұлтан бастаған 10 мың қазақ жасағы 1726 жылы Черен-Дондук хан мен Доржы Назаров иеліктеріне басып кірді. Бұл кез Еділ қалмақтарының таққа таласудың енді-енді арнасына түсе бастаған сәті еді. Орданың осындай іштей ыдырап тұрған сәтін пайдаланып жасалған жорық қалмақ ханзадаларының арасында үрей туғызды. Олар орыс шекара үкіметіне үсті-үстіне хабар жеткізіп, қазақтар шабуылынан қорғау, ең болмаса дипломатиялық жолмен ара түсуді сұраған өтініштер жасайды. 4

мұрындық болған кеменгерлер Төле би, Қазыбек би және Әйтеке билердің орны мезгіл, Бадам өзені жақтағы «Ордабасы» тауына жакын жерде, яғни «Орда басы» деп аталатын тарихи орында бас қосқан. Ол тарихи орын Алатау мен Қаратау тауларымен шектесетін Арыс пен Бадам алқабының еніс ойпаында орналасқан, жекелеген биіктіктермен, аласа жоталармен төбешік далаға айналып жатқан бұл шағын тау – бүкіл төңіректі алыстан бақылауға ыңғайлы орын. Өзеннің ойпатынан көтерілген биік төбе, Арыстанды, Шаян немесе басқа жерлерде Ордабасыға тән төбе бірден көзге түседі. Ордабасының арғы бетінде бір кездері суы мол, ең бай шалғындығы бар жерде Бадам өзені Ордабасыдан батысқа қарай ағады.

Ордабасының арғы бетінде бір кездері суы мол, ең бай шалғындығы бар жерде Бадам өзені Ордабасыдан батысқа қарай ағады. Оңтүстікте көптеген шабындықтарда елеулі ордаларды жасыруға болады. Дәл осы жерде ортақ келісім жасалып, бір-біріне алдымен анттымен сертесіп, бірауыздан Әбілқайыр ханды бас қолбасшы сайлап, халық әдет-ғұрпы бойынша ақбоз атты құрбандыққа шалған» деп жазған.

XVIII ғасырдың 20-жылдарының ортасына қарай Қазақстанның оңтүстік шекарасында қалыптасқан аса шиеленісті және үрейлі жағдай күштірек және жақсы ұйымдасқан жаумен күресу үшін үш жүздің күштерін тез арада біріктіруді талап етті. Осындай әскери одақтың шұғыл өзектілігін негізге ала отырып, 1726 жылдың аяғында Шымкенттің батысында орналасқан Ордабасы төбесінде үш жүздің халық өкілдерінің құрылтайы шақырылды. Еділ қалмақтары мен Шығыс Түркістан қалмақтарына қарсы осы алқалы кенесте ортақ келісім бойынша қолбасшылыққа Әбілқайыр сайланып, есімі бүкіл қазақ даласына танылды. Дәстүр бойынша құрбандыққа шалынған ақ боз атты болашақ табыстың ырымы ретінде қабылдады. Ордабасы құрылтайына Әбілқайыр, Әбілмәмбет, Сәмеке, Күшік, Жолбарыс хандар, сұлтандар, Төле, Қазыбек, Әйтеке бастаған билер, данқты қолбасшылар мен батырлар шақырылды.

Осы кезден бастап қалмақ-қазақ соғысындағы шабуыл бастамасы қалмақтардан қазақ жасақтарының қолына өтіп, олар Әбілқайырдың қолбасшылығымен оңтү-

жылы Бұланты мен Білеуті аралығында «Қарасүйір», «Қалмаққырылған» деген жерде жан алып, жан беріскен шайқас өткен.

Белгілі тарихшы Б.Кәрібаев осы шайқас туралы: «Ордабасы тауындағы жиыннан кейін қазақ әскерлерінің алғашқы ірі жеңісі шамамен 1727 жылы Сарысу өзенінің батыс жағындағы Бұланты бойында болды. Әбілқайыр хан бұған дейін тек қана Кіші жүз бен Орта жүздің жекелеген руларының әскеріне қолбасшылық жасап, қазақтармен жеке майданда соғысса, Бұланты бойындағы шайқаста бүкіл қазақ әскерін басқарып, тұтас майданда ұрысқа шығады. Өзен бойында Кіші жүздің Жетіруынан Тайлак батыр мен Ұлы жүз Ошақтысынан Саңырық батыр ерекше көзге түскен» деп жазды.

Көрнекті фольклоршы, этнограф Ә. Диваев біздің заманымызға талай тарихи аңыздарды жеткізді. Атап айтқанда, аңыздың бірінде былай делінген: «Кіші жүздің үш руы Орта орданың бір бөлігімен бірге Сарыарқаның солтүстік шекарасында жоңғарлармен соғысты. Ұрыстарда атақты мергендер Тайлак Кіші жүзден және оның жиені Саңырық мерген Ұлы жүз Ошақты Тасжүрек руынан көзге түсті. Жоңғар езгісінен арылуға шақырған жалынды ұранға барлық қазақтар үн қосты» деп жазған.

Қалмақтармен күрестің бұл кезеңі туралы М.Вяткин былай деп атап өткен: «Орасан көп адам мен малдан айырылу қазақтарды топтастыруға мәжбүр етті. Қазақтардың ойраттарға алғашқы соққыны сұлтандардың басшылығымен емес, қайта Кіші жүзден Тайлак, Орта жүзден Бөгенбай және Ұлы жүзден Саңырық батырлардың бастауымен жасағанын атап өту назар аударарлық. Бұл қақтығыстың зор маңызы болды, ол барлық үш жүз қазақтарының күштерін жаппай ұйымдастыруды бастап берді» деп жазды.

Осы Бұланты-Білеуті өзендері аралығындағы шайқаста ерекше көзге түскен және ең алғашқы жеңістің туын желбіреткен Тайлак пен оның жиені Саңырық батырлар туралы деректі қазақ қарияларынан ең алғаш рет жазып алып, Әбуәбірі Диваев «Көк кесене мавзолейі» атты мақаласында 1905 жылы жариялаған. Одан кейін қазақ зиялысы М.Тынышбаев «Қазақ халқының тарихы» еңбегінде жазған. Осы аталған еңбектерге кейін тарихшы Ирина Ерофеева сілтеме жасаған.

Бұланты-Білеуті шайқасының маңызы қазақ халқының тарихында ерекше. 2019-2020 жылдары оған қатысты зерттеулер жүргізіліп, экспедицияға жанашыр азаматтармен барғанбыз. Шайқастың болғаны рас. Аланда қорымдар бар, онда үш жүзден қатысқан батырлардың ру таңбалары қашалған. Тіпті жебе ұшы мен мылтық оқтары да табылды. Бірақ әлі көп зерттеуді қажет етеді. Сондықтан болашақта зерттеулер жүргізіп, мақалалар жазып, іргелі ғылыми еңбектер шығаруымыз керек.

Аңырақай шайқасы

Жоңғар басқыншыларына қарсы қазақ халқы Отан соғысының (1729-1730) жеңіспен аяқталғандықтан Аңырақай шайқасы аса көрнекті рөл атқарды. Ол туралы қазақтардың дәстүрлі ауыз әдебиетінде айтылады. Сондай-ақ М.Тынышбаевтың еңбегі және басқа да бірқатар жаңа деректеме арналған. Тарихта Аңырақай шайқасы өткен алқап Балқаш көлінің оңтүстік-шығыс жағында 120 шақырым жерде болғандығы айтылады.

Аңырақай шайқасы өткен аймақ Аңырақай таулары, Ақсүйек сайы, Хантау шоқылары орналасқан жерден Алматы бағытында 200 шақырымға созылған кен далада өткен. Ол жерде «Үлкен Орда қонған», «Сұмқайтты» деген жерлер бар. Аңырақайдағы шайқасқа Әбілқайыр хан басшылық етті. Шайқастың сәтті басталуы қазақ жауынгерлерін жеңіске жігерлендіретіндігі күмәнсіз. Сөйтіп, олар жеңіп шықты. Асқар рух сезімімен қанат біткен олар өздерінің ерлігін, ержүректігін, тастүйін бірілігін және жоғары әскери машықтанғандығын танытты. Әбілқайыр ханның өзі мен оның серіктерінің ең жақсы қасиеттері осы шайқаста көрінді. Аңырақай шайқасында жеке ерлігін және ұйымдастырушылық қабілетін көрсеткендер арасында көптеген батырлар, билер, сұлтандар, рубасылары, барлық үш жүздің өкілдері болды.

Оның уақыты мәселесіне келгенде барлық авторлар негізінен бірауызды. Ауызша аңыздарды пайдаланғандар да, М.Тынышбаевтың ізмен жүрушілер де солай деп жазды. Отан соғысы шамамен 1730

жылы екендігін анықтайды. Аңырақай қырғыны «1730 жылдың көктемінде кешікпей болған, өйткені сол жылдың шілдесінде Әбілқайырдың елшілігі Уфаға жетіп те үлгереді» деп сеніммен жазды.

М.Тынышбаев Аңырақай шайқасы өткен жерді Балқаш көлінің Оңтүстік шетінен оңтүстік-шығыс жағында 120 шақырым жерде жатыр, ол қазақтар арасында «Итішпес деген атпен мәлім» деп санауы орынды. 1730 жылы жазға салым қазақ жасақтары өз аттары Мойынқум, Бүркітті, Шабакты, Қараконды, Бірғайты, Шу өзендерінің аңғарларында тұнайтып алып, Хантау, Аңырақай таулары өңірлеріне шықты.

Осы туралы Ж.Қасымбаев: «Тек соңғы жылдардағы ізденістер негізінде осы бір қоныстың қазақтың атақты батыры Бөлекпен жекпе-жекте жер жастанған ойраттың Аңыра атты батырының есімімен байланыстылығы айқындалды. Бұған күмәнданатын негіз жоқ. Қаскелең, Боралдай, Шарын өзені және тағы басқа қоныстар ойрат есімдерімен аталғаны белгілі» деп жазды.

Тарихшы И.Ерофеева өзінің «Хан Абулхаир: полководец, правитель и политик» атты еңбегінде нақты деректер келтірген. Онда Бөгенбай, Қабанбай, Тайлак, Саңырық, Малайсары және тағы басқа көп батырар қатысқан деп жазды.

Ғалым бұл еңбегінде қазақтар мен қалмақтар шайқастан кейін бейбіт келісім жасады дейді. Осы шайқастың өткендігі туралы 1730-1731 жылдары Әбілқайырдың башқұрттарға барған елшілері айтқан. Башқұрттар қазақ-қалмақ арасында осындай үлкен шайқас болғаны туралы Ресей үкіметіне хабар берген.

Аңырақай шайқасынан кейін үш жүздің ханы Болат өлді, таққа Кіші жүз ханы Әбілқайыр, Болаттың ұлы Әбілмәмбет таласты. Таққа Әбілмәмбет отырды. Соғыс алаңын әуелі Әбілмәмбет, іле-шала Сәмеке тастап кетті. Қазақ қонысы шегінді, Орта жүз Шу бойына кетті, Ұлы жүз қалмаққа бағынды. Әбілқайыр орыс шекарасына жылжып, іргесін Орта жүзден аулақ салды, сүйтті де Ресеймен одақ болу жөнінде келіссөздер жүргізді.

Дулығалы дала перзенттері Тайлак пен Саңырық батырлардың Бұланты мен Аңырақай шайқастарында қазақ сардарларының қолын бастап шыққаны, тұстаған батырлардың бірегейі болып танылуы тарихи ой-түйін айтуға да негіз болады. Ең әуелі мына мәселені атап өтуіміз қажет. Саңырық батырдың көтерілген биігі, оның батырлық абыройы, қиын-қыстау сұрапыл кезеңде елі мен жерін қорғау жолында ұран салған ерлігі мен жеңісі бүкіл қазақ даласына мадақ болып естіліп, мақтаныш болып жырланған. Тарихи жырда:

– Босқан елді құрап ал,
Қол бастаған Саңырық.
Алладан медет сұрап ал,
Жол бастаған Саңырық.
Қарсы келген жауына,
Қырғын салған Саңырық.
Анталаған қалмаққа,
Сүргін салған Саңырық.
Тайлак батыр екеуі,
Серік болған Саңырық... –
деп жырланып, арғы замандардан халық арасында ерлік дастаны болып жеткен.

Қаратаудағы шайқас

Қалмақтар Қалдан Цереннің кезінде 1739-1741 жылдары қазақ даласына үлкен жорық ұйымдастырды. Олардың үш түменге бөлінген әскерін үш қолбасшы басқарды. Ертіс пен Тобыл бағытында Септен ноян, Ташкенттен Сарыарқа мен Есіл бағытында Лама Доржы және Түркістаннан Сыр бойы бағытында Сары Манжа ноян басқарды. Алғашқы жорықтары 1739 жылдың көктемі мен жазында басталған.

Қолбасшы Тайлак батыр мен жиені Саңырық батырдың Ордабасы, Қаратау және Қазығұрт аймағында қалмақтарға қарсы соғысқанын көп ел біле бермейді. Ол шайқастар туралы кезінде ескілікті қариялардан көп тыңдаған және сол мәліметті жеткізуші Әбілда бидің келіні, Қылышбектің қызы Үрзия. Әбілдінің аталары Тайлак батырдың немересі Қазанғал батырмен туыс болған. Қазанғал батыр Бадам төңірегінде қоныстанған соң өзі сұрастырды ма әлде ескі қариялардың көрсетуімен айтты ма екен? Тайлак батыр мен Саңырық батырдың қалмаққа қарсы соғысқан жері деп қазіргі Қараспан төбеден әрі Бадамға шығаберістігі бұрынғы Жамбыл елді мекенінің жерін айтады екен. Шайқаста Тайлак батырдың мынбасы батырлары қасында жүрген.

Міне, осындай жойқын шабуылдардың бір бағыты Сары Манжа нояндың қол бастауымен Сыр бойына бағытталған уақытта 1739-1740 жылдар шамасында Тайлак батыр жаумен шайқаста қоршауда жараланып шығып, кейін Қаратау мен Шіелі арасында қаза тапқан сияқты. Оған қатысты тарихи шайқас орындары мен «Тайлак өлген», «Тайлак бұлағы» деген жер атаулары да сақталып қалған.

Қазіргі уақытта Тайлак пен Саңырық батырлардан тараған ұрпақтар бар. Олар бір-бірімен тарихи туыскандығын біледі. Өйткені, қазіргі буын олардың 8-9-ұрпақтары саналады. Әр қазақ жеті атасын жақсы біледі. Батыр бабаларының жорық жолдарына қатысты тарихи мәліметтерден де хабардар.

Қазақ халқының азаттығы жолында күрескен тарихи тұлға, данқты қолбасшының жорық жолдарын әлі көп зерттеу қажет. Ол үшін тарихи орындарға экспедициялар ұйымдастыру, Ресей архивтері мен кітапханаларынан материалдар қарау үшін көп ізденіс жасалуы тиіс.

Қанат ЕЦЕНОВ,
Мемлекет тарихы институтының жетекші ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

Қызылорда облыстық мәслихатының шешімі
26 желтоқсан 2023 жыл №73
Қызылорда қаласы

Қызылорда облыстық сайлау комиссиясының құрамын сайлау туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңының 6-бабының 1-тармағының 7-1) тармақшасына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

- Осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес Қызылорда облыстық сайлау комиссиясының құрамы сайлансын.
- Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихатының кейбір шешімдері жойылды деп танылсын.
- Осы шешім 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы

Н.Байқаламов

Қызылорда облыстық мәслихатының 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 73 шешіміне 1-қосымша

Қызылорда облыстық сайлау комиссиясы (Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Сұлтан Байбарыс көшесі, 1. Облыстық мекемелер үйі ғимараты)

р/с	Комиссия мүшесінің аты-жөні	партиялар, қоғамдық бірлестіктер атауы
	Ерсұлтанов Адилбек Бурibaевич	«AMANAT» партиясы
	Накипов Болат Нуржигитович	«Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы
	Ідрісов Бақытжан Жеткерұлы	Қазақстанның «Ажол» демократиялық партиясы
	Сырлыбаева Аягуз Муратбековна	Қазақстан Халық партиясы
	Ахмет Берлібек Әнуарбекұлы	«Respublika» партиясы
	Тағиберенов Абай Тағиберенович	«Қызылорда қаламгерлерінің Қауымдастығы» қоғамдық бірлестігі
	Турабаев Еркін Ермағанбетович	Инновациялық идеяларды дамыту орталығы қоғамдық қоры

Қызылорда облыстық мәслихатының 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 73 шешіміне 2-қосымша

Қызылорда облыстық мәслихатының жойылды деп танылған кейбір шешімдерінің тізбесі

Қызылорда облыстық мәслихатының:

- «Қызылорда облыстық сайлау комиссиясының құрамын сайлау туралы» 2019 жылғы 11 қаңтардағы №290;
- «Қызылорда облыстық сайлау комиссиясының құрамын сайлау туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 11 қаңтардағы №290 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» 2020 жылғы 29 мамырдағы №442;
- «Қызылорда облыстық сайлау комиссиясының құрамын сайлау туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 11 қаңтардағы №290 шешіміне толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 16 маусымдағы №450;
- «Қызылорда облыстық сайлау комиссиясының құрамын сайлау туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 11 қаңтардағы №290 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» 2020 жылғы 21 қазандағы №505;
- «Қызылорда облыстық сайлау комиссиясының құрамын сайлау туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 11 қаңтардағы №290 шешіміне толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 28 қазандағы №512;
- «Қызылорда облыстық сайлау комиссиясының құрамын сайлау туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 11 қаңтардағы №290 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» 2021 жылғы 17 наурыздағы №20;
- «Қызылорда облыстық сайлау комиссиясының құрамын сайлау туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 11 қаңтардағы №290 шешіміне толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 14 сәуірдегі №28;
- «Қызылорда облыстық сайлау комиссиясының құрамын сайлау туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 11 қаңтардағы №290 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» 2021 жылғы 10 қыркүйектегі №51;
- «Қызылорда облыстық сайлау комиссиясының құрамын сайлау туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 11 қаңтардағы №290 шешіміне толықтырулар енгізу туралы» 2022 жылғы 14 наурыздағы №89;
- «Қызылорда облыстық сайлау комиссиясының құрамын сайлау туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 11 қаңтардағы №290 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» 2022 жылғы 15 сәуірдегі №102;
- «Қызылорда облыстық сайлау комиссиясының құрамын сайлау туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 11 қаңтардағы №290 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» 2022 жылғы 11 шілдедегі №124;
- «Қызылорда облыстық сайлау комиссиясының құрамын сайлау туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 11 қаңтардағы №290 шешіміне толықтырулар енгізу туралы» 2022 жылғы 19 тамыздағы №130;
- «Қызылорда облыстық сайлау комиссиясының құрамын сайлау туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 11 қаңтардағы №290 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №167;
- «Қызылорда облыстық сайлау комиссиясының құрамын сайлау туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 11 қаңтардағы №290 шешіміне толықтырулар енгізу туралы» 2023 жылғы 17 қаңтардағы №178;
- «Қызылорда облыстық сайлау комиссиясының құрамын сайлау туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 11 қаңтардағы №290 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» 2023 жылғы 24 сәуірдегі №18;
- «Қызылорда облыстық сайлау комиссиясының құрамын сайлау туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 11 қаңтардағы №290 шешіміне толықтырулар енгізу туралы» 2023 жылғы 30 мамырдағы №25 шешімдері.

Қызылорда облысының аумақтық сайлау комиссияларының жаңа құрамы туралы хабар

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 20-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихатының кезектен тыс 9-сессиясының 2023 жылғы 26 желтоқсандағы №73 шешімімен Қызылорда облысының аумақтық сайлау комиссиясының жаңа құрамы сайланды.

Ерсұлтанов Адилбек Бурibaевич – төраға, Накипов Болат Нуржигитович – төрағаның орынбасары, Сырлыбаева Аягуз Муратбековна – хатшы, комиссия мүшелері: Ідрісов Бақытжан Жеткерұлы, Ахмет Берлібек Әнуарбекұлы, Тағиберенов Абай Тағиберенович, Турабаев Еркін Ермағанбетович

Орналасқан жері: 120003, Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі 1, Облыстық мекемелер үйі ғимараты, Б блогының №337, 338, 340 кенес бөлмелері.



Өткен жылы Темірбек Жүргенов атындағы қоғамдық қордың тапсырысымен, Бейбіт Қойшыбаевтың авторлығымен «Комиссар Жүргенов» романы жарық көрді. Роман жанрын таңдауда автордың алдында күрделі міндеттердің болғаны байқалады: эпикалық ауқымды таңдаған дұрыс па әлде психологиялық роман немесе велосипед ойлап таппай-ақ, үйреншікті классикалық жанрды жазған абзал ма? Сондай-ақ бүгінгі қоғамдық пікірдің қажеттерін өтеу үшін «патриоттық бояуларды» қоюлатқан дұрыс па әлде тарихи деректерден ауытқымай, заман шындығын сол қалпында беруге тырысқан жөн бе? Таңдалған екінші жол өзін-өзі ақтаған. Ақыр соңында роман осы күнгі оқырман тілі мен қабылдауына жақын тарихи құжатты, публицистикалық стильде жазылып, көзқарақты оқырманның ыстық ықыласына бірден бөленгенін айту керек. Кітаптың тұсаукесері автордың қатысуымен, «Жүргенов қорының» төрағасы, Сыр бойының ардақты ақсақалы Сәпен Аңсатовтың ұйымдастыруымен Қызылорда қаласында дүйім жұрттың алдында зор ауқымда өткізілді.

«КОМИССАР ЖҮРГЕНОВ» романы хақында

Бар болғаны 40 жыл өмір сүріп, қазақ қана емес, бүкіл Түркістан халықтарының қоғамдық-саяси өмірінде өшпес із қалдырған, тарих көкжиегінде күйрықты жұлдыздай ағып өткен тұлғаның дүниетанымдық феноменін, өмірі мен қызметі эволюциясының ұңғыл-шұңғылын қалай ашуға болады? Автор бұл орайда, өзінің еркінен тыс, объективті түрде бүгінгі тарих ғылымының жаңа бағыттары – «күнделікті тарих», ауызша тарих әдістері мен тәсілдеріне жүгінеді. Сөйтіп бұрынғы кеңестік тарих ғылымында қағажу қалған ауызша деректерді жазба деректермен киоластырып оларға жаңа мазмұн мен рең береді.

Автор Т.Жүргенов құбылысын халықтық тәрбие дәстүрімен ашады. Қазақта атағы жер жарған даңқты да танымал кісілер ауылына ат басын бұрып қонақ болғанда, арнайы үй тігіліп қонақкәдесі жасалғандан кейін қонақтың дуалы аузынан шыққан ұлағатты сөздерін ауыл болып тыңдау үрдісі болған. Мұндайда қазақ әсіресе, болашағынан үміт күткен, ақыл-парасатымен, зейінімен ерте ерекшеленген ұл-қыздарының іс-шараға міндетті түрде қатысуына мән берген.

Кітаптың алғашқы беттерінде атақты Қажымұқан палуанның Қараның ауылына қонақ болып келуі суреттеледі. «...Оның келуі құрметіне елдің үлкендері мен игі жақсылары Қараның үйінде бас қосып, әңгіме-дүкеннің көрігін қыздырған-ды. Әйгілі палуанның аузынан шыққан әр сөзді бір жудырықтай жас өскін үлкендерден қалыспай қағып алып отырды. Бұл алты жасар Темірше еді... Қара бүл ұлының мұндай жайғасына әбден үйренген. Небір той-думанда да тап осылай алдына жатып үлкендердің келелі кеңестерін де, жырауларды да, әншілер мен күйшілерді де тап-жылмай тыңдайтын».

Дәл осындай жас өскіндердің жаны мен рухын қалыптастырған кездесу-сұхбат шайыр Тұрмағамбетпен де болды. «Қажымұқан палуан жақсы әсермен Қара ауылынан аттанған күннің ертесіне жайлауға бітімі мен өзін ұстауы қыр қазағынан өзгешелеу, киім киісі тәжік еліндегі діни қызметкерлерге көбірек келетін бір салт атты жас жігіт келді. Ол өңірдегі аса сыйлы, ойшыл, қадірменді ақсақал Қара Жүргенұлына сәлем беруге келе жатыр екен. Бұл қаршадайынан ақындығымен көзге түсіп, бұдан он шақты жыл бұрын үлкендердің кеңесімен оқу қуып Бұқараға кеткен Тұрмағамбет Ізтілеулы болатын.

Осы деңгейдегі кездесулер Сыр сүлейлері Кете Жүсіп, Балқы Базар, Шораяқтың Омары және т.б. болғаны анық. Осылайша шығыстық энциклопедиялық білім иесі Тұрмағамбет ауыл мұғалімі атанып, оған Қара тарапынан барлық жағдай жасалады. Мектебінің үздік

оқушысы болашақ мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Қараұлы Жүргенов болды. Одан әрі Темірбек бір топ баламен елге қарай мандағы «Аламесек» төменгі бастауыш орыс мектебіне оқуға барады. Сосын Перовскідегі Суханский дейтіннің төрт жылдық жоғары бастауыш училищесінде оқуын жалғастырады. Бірінші дүниежүзілік соғыс салдарынан басталған шеткері аймақтардағы ұлттық толқуларды көрді. Дүниежүзілік революция жетегінде жүрген және бірде-бірінде жоғары білім болма-

Мәскеудің ұйғарымы болғанын екінші бірі біле бермейді. Романда мәселенің анық-қанығы өзбек зиялылары Мінәуар қари Әбдрашидханов, Файзолла Ходжаев пен Темірбек Жүргенов арасында өрбигін сұхбат, ой-толғамдар арқылы беріледі.

Қысқа мерзім ішінде кеңестік Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде жарық жұлдыздай із қалдырған тұлғаның басына қара бұлттың төңбеуі мүмкін емес-тін. Т.Жүргенов – большевиктік революциялық романтикалық ұрандарға сенген, бірақ

сөзін өткізе алмауы – қорқыныш жұтқан қазақ зиялылары мен «есен-амановшылдық» мінез желісінің көрінісі. Осылайша олар Т.Жүргеновті екінші рет сатқанына есеп берген жоқ. Алайда ішкі бостандығын сақтаған, принцип-ұстанымынан таймаған Т.Жүргеновтің санаулы шәкірттері болмады емес, болды. Солардың бірі Т.Жүргеновтің төл өнімі И.Омаров еді. Оның қолынан бар келгені 1967 жылы Мәдениет министрі болып тұрғанда жұмыс бөлмесіне Т.Жүргеновтің портретін іліп қойып, «есенамановшылдарды» кізіндіру болды. Т.Жүргеновтің рухы мен Ильяс Омаровтың мінез желісін жалғастырған көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков еді. Парадоксальдығы сонда, еліміздің тәуелсіздік алуымен «есенамановшылдыққа» түпкілікті соққы берілетіндей көрінген. Алайда ол құбылыс ретінде нақ тәуелсіздік жылдары қайтадан рухани жаңғырып, екінші тынысын алды. Республика қоғамдық-саяси өмірінде өз позицияларын нығайтты, саяси элита тарапынан да зор қолдауға ие болды.

Тұжыра келгенде, кітапты аса қызығушылықпен оқып шыққанымызды, оның мазмұнының, танымдық көкжиегінің кеңдігін (қазақ қасіретінің көрші түрік халықтарының қасіреті, қазақ-өзбек зиялылары алғашқы буынының өзара түсінікті, қоян-қолтық араласуы аясында қаралатындығы), автордың өзіне тән сөз саптауының сонылық сипатын атап өткіміз келеді. Айталық, орыс тіліндегі «раскаянное письмо» сөзінің «опыну хаты» деп берілуі сөтті шыққан. Болашақта оның біржолата осы нұсқада қолдану қажеттігі күмән тудырмайды. Өйткені, өз тәжірибемізден білетіміз, оны әркім өз қалауына аударып жүргені жасырын емес, «өкінішке толы хат» дегендей.

Кемшілік емес, тілек ретінде айтқымыз келгені, мүмкін сол жылдардағы кеңестік негізгі құжаттарды, қаулы-қарарларды қазақ-шаламай-ақ, түпнұсқада, орыс тілінде бергенде, сол заманның зәрілі атмосферасы мен бояуы айшықтала түсер ме еді?! Сондай-ақ республиканы басқарған Голощекин, Мирзоян, НКВД басшыларымен Т.Жүргеновтің тартысты диалогтарының кейбір тұстары орыс тілінде беріліп жатса (авторға олар белгілі), ешқандай сөкеттігі болмас еді. Қайта керісінше, Т.Жүргеновтің олардан моральдық және интеллектуалдық басымдығы ашыла түсер еді деп ойлаймыз. Сөз соңында Бейбіт Қойшыбаевтың жаңа романын қалың оқырман мен тарихшы, филолог студенттердің міндетті түрде оқып шығуына кеңес берер едік.

Тастанбек СӘТБАЙ, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қауымдастырылған профессоры м.а., тарих ғылымдарының докторы

«Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшылығының 2024 жылдың I тоқсанына азаматтарды жеке қабылдау кестесі

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның аты-жөні	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күндері	Азаматтарды қабылдау уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері, қабылдау бөлмесі	Байланыс телефоны
Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	Жанабаев Ғабит Жұмабекұлы	Басқарма басшысы	Дүйсенбі Сейсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма	09:00-13:00, 15:00-19:00.	Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47 № 201 А бөлме	40-08-16
Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	Мыңбаев Азамат Амантайұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Дүйсенбі Сейсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма	09:00-13:00, 15:00-19:00.	Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47 № 201 Б бөлме	27-23-01
Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	Ибраева Айгүл Болатқызы	Басқарма басшысының орынбасары	Дүйсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма	09:00-13:00, 15:00-19:00.	Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47 № 311 А бөлме	40-08-17
Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	Даулетбаева Жанар Жұмабекқызы	Басқарма басшысының орынбасары	Дүйсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма	09:00-13:00, 15:00-19:00.	Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47 № 210 А бөлме	27-01-00

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасында (8 7242), 27-02-06 «сенім телефоны» жұмыс жасайды.



САҚАР САБЫН ТАҢСЫҚ БОЛЫП ҚАЛДЫ МА?

Қазалық кәсіпкер Руслан Бөлекбаев деген жігіт сабын өндіру кәсібін қолға алыпты деген сүйінші хабар жергілікті, облыстық баспасөз беттерінде жарық көріп, теларнаның да жаңалықтарына арқау болды. «Аталастың аты озғанша, ауылдастың тайы озсын» дейтін қазақпыз ғой, жерлес баламыздың жан семірттер жақсы жаналығына жанымыз жадырап қалғанын жасыра алмадық. «Болмасын деген оңбасын» дейтініміз тағы бар, онсыз да қымбатшылық қамыты қажағанымен қатар, жұмыссыздық жанын жүдетіп жүрген қамқоніл жандардың қатары көбейіп тұрған тұста, жергілікті жерде өз өнімдерін өндіру кәсібінен қолға алынып тауар бағасының арзандауына септігі тиер ме еді, жұмыссыз жүрген жерлестеріміздің қатары сал де болса азайып, тұрмыс-тіршілігі түйтілінін түгенделуіне түрткі болар ма еді деген үміттің жылт еткен жұқанасы ғой біздікі. Әрине, болсын дейміз.

Кәсіпкер Руслан Бөлекбаев туралы аз-кем айта кетсек артық болмас. Жергілікті жердегі сабын өндіру кәсібінің негізін салушы ретінде таныла бастаған ол біраз уақыт арнайы курстарда білімін жетілдіріп, оны тек теория тұрғысында емес, нақты іске асыруды алдына мақсат етіп қойған. Мақсатын жүзеге асыру үшін, Батыс Қазақстан облысынан Ресейде жасалған жоғары сапалы құрал-жабдықтар алып келеді. Бұдан өзге өзі шығаруды қолға алмақ ниет еткен өнімді, яғни кір сабын түрін пайдаланушы адам денсаулығына зиянсыз екеніне тұтынушының да, талап қоюшының да көзін жеткізу үшін арнайы орындардан сертификат алады. Оның негізгі себебі, «Қазалы сабын» өнімі жеті түрлі химиялық қоспасы жоқ табиғи заттардан жасалмақ. Бүгінде 170, 200, 250, 300 және 350 граммдық сабындардан тәулігіне 3 мың дананың үстінде шығарып келеді. Ойға алған мақсатын орындауды соңына дейін жеткізуге бел бұған кәсіпкер өзінің өнім өндіру цехында бұдан басқа иіс сабын, су сабын мен ас үйде қолданылатын әртүрлі сұйытылған тазартқыштар шығаруды да қолға алған. Ал суарнысқа келетін болсақ, ауданның біраз тұсынан, өзге аймақтардан тапсырыстар түсіп жатқан көрінеді. Ендігі кезекте кәсіпкер жігіт Ресей еліне қағаз сүлгі, майлық, дәретхана қағазын шығаратын арнайы құрылғыларға да тапсырыс беріпті. Құдай оңдап, ісі ілгері басып жатса, 10-15 адам жұмыспен қамтылақ.

Ауылда болса ауызға тиеді, елде болса ерінге тиеді, Русланның талабы оң болып, ырыс-несібесі арта беруіне тілектеспіз. Алайда сабын дегеннен шығады-ау, шындығын айтсақ, сабын өндіру біздің қазаққа соншалықты тосын кәсіп пе еді?!

Әкем есіне алып отыратын, соғыс басталғанда төрт ағайынның алды он төртте, соны бес-алтыларда болған. Әкесі еңбек майданына кеткен, анасы сол кезеңнің барлық әйелдері сияқты тыл майданының дала жұмыстарына табанынан таусылып, тауық шақырмай кетеді, түн жарымында келеді екен. Айтуынша, оның егін басындағы жұмысқа қай кезде кетіп, қай кезде келетінін білмейтін көрінеді. Азаңда тұрғанда жұмысқа кетіп қалады, балалар дайындап кеткен быламығын ішіп, көрсетіп кеткен тапсырмасын орындауға кіріседі. Егін басынан жасырып әкелген азантай бидайды диірменге тартады, отын әкеліп бұтап қояды, су тасиды, майда жандыққа қарайды, тағысын тағыларды орындап, кеш болғасын қалған быламықты ішіп, анасының келгенін күтуге дәрмені жетпей қалып ұйқыға кетеді. Кеш келген анасы не тұн ортасында немесе балалар ұйықтап жатқан таң алагеуімде тұрып балаларының ертенгі тамағын дайындап, орындайтын тапсырмаларын белгілеп, өзі жұмар-жұмар, дөркілеу қылып дайындаған са-

қар сабынмен бұлардың киімін жуып, олар ұйықтап жатқанда жұмысқа кетіп қалады екен. «Бір отбасында болсақ та, анамыздың қай кезде келіп, қай кезде кететініне, не ішіп-жейтініне, апталап көрмеген уақытта қай кезде демалатынына ақылмыз жетпейтін» деуші еді әкем.

Осы естелікте айтылған сақар сабынды дайындау тәсілі жалпы қазаққа таңсық емес, тіпті әр өңірде бұны жана заманға сәйкестендіріп, кәсіп көзіне айналдырып отырғандар да бар көрінеді.

Бүгінгі нарықта шетелдік компаниялардың «құрамы экологиялық таза» деп жазылған, жарнамасы жер жаратын түрлі сабындары, жуу құралдары, тазартқыштары толып жатыр. Құнының қаны жерге тамбайды. Осы тұрғыдан салыстырсақ, құрамы табиғи таза жергілікті өнім өндіру қолға алынып жатса, барлық жағынан да тиімді болар еді-ау деген ойға кетесіз.

Негізінде жерден шығатын әр өсімдік, ағаш атаулының өзіндік емдік қасиеттері, тұрмыста тұтыну тетіктері болады, ал оны ажырата білу өте маңызды. Сайын даланы мекен етіп, иелігіндегі ұшы-қиыры жоқ ұлан-байтақ өлкеде үздіксіз көшіп-қонып жүрген ата-бабаларымыз жер бетіне қылтып шыққан әр өсімдіктің алуан түрлі қасиетін айнытпай ажыратып, қажет кезде мұқтажына жарата білген. Жүздеген тұрмыс қажеттіліктерінің ішінде ең бастысының бірі – тазалық болса, сол тазалыққа керекті тұтыну заттарын Құдайдың өзі «мә, қажетіңе жарата ғой» деп беріп қойған айналадағы тұмса табиғаттан, мың сан шөп-шаламнан іріктеп алып, ұқсатып пайдалана берген.

Жасыратыны жоқ, керегінің қай түрін де қалтасына қарап базардан ала салатын, әсіресе өзге елдің арзанқол тауарына құмар «дайын асқа тік қасық» замандастарымыз үшін алабота өсімдігінің ұмытылғаны қашан. Сол алабота түйе, сиыр, қой алаботасы деп бөліне берді және бәрі де ұқсата білген адамға сабын қайнату үшін қосатын сақар өнімін алуға жарамды. Алаботаның емдік қасиеті бабына келіп, тұтынуға жарамдылық мерзімі толып, әбден пісіп жетілгенде, оны таза жерге жинап ортеу арқылы күлі алынады. Ал оны сұға салып қайнатқаннан шыққан ақ ұнтақты сақар деп атаған. Ертеректе ауылдағы аналар асарлатып, келісіп, бірлесіп киіз басып, жүн түтіп, алаша тоқыса, дәл солай сақар сабын дайындауды да көп болып жүзеге асырған. Оны қайнатуға да мән беріледі. Сақарға сиыр, қой майын қосып, бір сағаттай бұрқылатпай, бау, баппен қайнатып, суытып, қаласа арнайы формаға келтіріп, немесе кесіп-кесіп бөлісіп алады екен. Мұның өзі бір жағы кереметтей ауызбірлік, береке және тірлік болса, бір жағы жас келіндерге үлгі-өнеге болған.

Тіпті, қолының місекері бар жандар сол сақарға басқа өсімдік түрлерін, қажетті қоспаларды қоса отырып, сабын ба, әлде басқа да әртүрлі тазартқыш сұйықтықтар ма, әйелдердің шаш жуатын сұйықтығы ма, қалауына қарай дайындап алып отырған. Сақар сабын түрлері сол замандағы әйелдердің шаш күтімі, тері күтімі, ел арасындағы қотыр, қышыма, бөртпе, теміреткі, тері аурулары, шаш түсу, тағы басқа да көптеген аурулардың шипасы ретінде қолданылған.

Тұрмыста сақар пайдалану бүгінгілер үшін біршама таңсық дүние болса, бұрынғы қазағамыздың атакәсібі десек, артық айтқандық болмас еді. Жалпы сақар болсын, басқасы болсын, қазағамыздың өткен шақтағы өмірімен тұрмыста біте қайнаскан атакәсібінің қай-қайсының да бізге жаттығы жоқ, тек ұқсата білетін ұл-қыздарымыз ұнайымызды түгендеп берсе болғаны.

Әлімжан ӘЛКЕБАЙҰЛЫ,
Қазалы ауданы

ОҚЫРМАН ОЛЖАСЫ

Жөңілден кетпес, жүректен өшпес

Жыл тоғысар тұста Сыр өңірінің теле және радиожурналистикасында өз өрнегін қалдырған белгілі қаламгер Жақсылық Бекқожаевтың шығармашылығын қамтыған «Жүректегі жазулар» кітабы оқырманға жол тартты.

Ұзақ жыл басылық қызмет атқарғанымен Ж.Бекқожаев қолынан қаламын тастамай, көпшілікті қозғайтын ететін қаншама құнды дүниелерді жұртшылыққа тарту етті. Қарымды қаламгердің шығармалары түрлі тақырыпты қамтиды.

Жалпы телерадио маманы болу екінің бірінін оңтайына келе бермейді. Сол салада шәкірттерінің бірнеше буынын тәрбиелеген қадірлі жанында олардың да айтары аз емес. Бұл кітапта әріптестерінің, рухани тұрғыда жақын жандардың, ту-

ған-туыс, ұрпақтары мен шәкірттерінің естеліктері абзал азаматтың жарқын бейнесін тағы бір мәрте жарқырата түседі. Алғаусыз ақ тілектер, жүректарды лебіздер белгілі қаламгердің болмыс-бітімін, тұлғалық қасиетін, азаматтық келбетін айшықтайды.

Ж.Бекқожаев 1955 жылдан бастап Сыр журналистикасында жемісті еңбек етіп, шығармашылық қызметте жарқын ізін қалдырды. 1963 жылы Телевизия және радио хабарларын тарату жөніндегі облыстық комитет



Жақсылық БЕКҚОЖАЕВ
төрағасы қызметіне тағайындалып, бұл жауапты жұмысты табан аудармастан 28 жыл

бойы абыроймен атқарды. Токсаныншы жылдардың басында Сыр өңірінде тұңғыш теларнаның ашылуына ұйытқы болды. Кітапта сол кезеңде ол атқарған ауқымды істер тағы бір мәрте таразыланып, өмірдің өнегелі өрнегі ретінде дәріптеледі.

Ж.Бекқожаев білікті басшы бола жүріп, шығармашылығын өрістете түсті. Оның қаламынан туған атакты күршіші Ыбырай Жақаев, шопан әрі ақын Шолпан Оразова, белгілі механизатор Жалдыра Тасмамбетова және өзге де еңбек адамдарын дәріптейтін сценарийлері негізінде түсірілген телефильмдер әлі күнге дейін құндылығын жойған жоқ.

«СБ» ақпарат


Көпшілікпен ой бөліскен

«Сырласу»

Жергілікті «Тұмар» баспасынан профессор Серікбай Қошқаровтың әңгімелері мен ой-толғамдары жинақталған «Сырласу» атты кітабы жарық көрді. Көпшілік қауымға арналған толымды туындыда әріптестері туралы шынайы пікірлері мен автор шығармашылығы жөнінде замандастарының лебізі жинақталған.

Кітап бірнеше бөлімнен тұрады. Алғашқы бөлімінде автордың қаламынан туған әңгімелер оқырман назарына ұсынылады. Одан кейін әріптестер лебізі топтастырылса, келесі кезекте мақалалар мен ойларын оқырман тарапына тартады.

«Сөз жақындатады, қосады, суытады, алыстатады. Сөздің құдіреті сонда. Содан осы құралды абайлап қолданбаға да болмайды. «Айтылған сөз – атылған оқ» деп бекер айтпаған. Кітап атауы – «Сырласу». Сырласу көп нәтижеге бастау болады. Сырласу дегеніміз – пікірлесу, ойласу, бөлісу, ортақтау, келісу. Сырласу арқылы олқылықты анықтау, жарықтан кө-



«СБ» ақпарат



«Ақмешіт бекінісі»

Облыс әкімінің қолдауымен белгілі ақын Толymbай Абылаевтың жаңа жыр кітабы жарық көрді. Он екі баспа табақтық кітапқа автордың әр жылдары республикалық әдеби байқауларда бас бөйге, екінші орын алған «Жас Түркістан», «Ақмешіт бекінісі», «Қарақұм құрылтайы», «Жұмақ пен тозақ», «Тарих дастандары», «Астанаға сапар», «Аманат», «Мұқағали мен Зейнолла», «Тоғжан тағдыры» атты бояуы қанық балладалары, Алаштың анасы атанған сұлу Сырдың кешегісі мен бүгінгі туралы жаңа жырлары топтастырылған. Сонымен бірге осы кітаптан ақынның Отан, туған жер, махаббат туралы жырлары кенінен орын алғанын көреміз.

Кітапқа енген «Ата жұрт» атты топтама жырларында алтын бесік ауыл жөнінде автор: – Босағаннан бақ пен дәулет бірге еңсің, Тойаң бүгін, Ойың қырық түрленсін, Ой маржанын ақ қағаз бетіне түсіріп, шығармаларын ұсынып жүргенін жақсы білеміз. Ендігі кезекте сол дүниелерді бір кітапқа жинақтап, халыққа сүбелі туынды ұсынғаны құптауға тұрарлық.

Ақынның жаңа жыр кітабы аймағамыздың 85, Қызылорда қаласының 205 жылдығына арналған.

О.ЖОЛДАСОВ



БЕРЛИН ХАЙУАНАТТАР БАҒЫ

Берлин хайуанаттар бағына дәстүр бойынша жыл басында шыршалар жеткізіліп, хайуанаттар жергілікті кәсіпкерлер сыйға тартқан сатылмай қалған ағаштардан дом татты. Пілдер мен бұғылар шыршаларды бірнеше минут ішінде толығымен жеп қойған.

Хайуанаттар бағының өкілі Свеня Эйзен-барттың айтуынша, жұртшылықтан қолданылған шыршалар қабылданбайды. Өйткені оларда әшекейлердің қалдықтары болуы мүмкін.

РЕКОРДТЫҚ ТӨМЕН ТЕМПЕРАТУРА

Финляндия XXI ғасырдағы температура рекордін орнатты. Сынап бағанасы минус 44,3 градуска жетті. Финляндия метеорологиялық институты хабарлауынша, түнгі ең төменгі температура Энонтекихо әуезжайында тіркелген.

Елдің оңтүстік және оңтүстік-батысындағы аяз салдарынан 20 мыңға жуық тұтынушы жарықсыз қалды. Сонымен қатар, финдік VR теміржол компаниясының қатты аязға байланысты пойыздарын тоқтатуы 10 мыңға жуық жолаушыға әсер еткен.

«ТЕТРИСТІ» АЯҚТАҒАН АЛҒАШҚЫ АДАМ

Америкалық жасөспірім Уиллис Гибсон «Тетрис» компьютерлік басқатырғыш ойынын аяқтаған тарихтағы бірінші адам атанды. Бұл туралы «The New York Times» хабарлады.

Көптеген жылдар аламдар ойынның 29-деңгейінен аса алмай келген. 21 желтоқсанда 13 жасар Уиллис Гибсон бұл шекараларды еңсерді. Өз кезегінде «Life» бұған дейін ойында соңғы деңгейге тек жасанды интеллект жеткенін жазады.

MICROSOFT ПЕРНЕТАҚТАҒА ЖАҢА БАТЫРМА ҚОСАДЫ

Америкалық Microsoft компаниясы серіктестері шығарған пернетақталарға Windows 11 жүйесіне енгізілген Copilot жасанды интеллектінің негізіндегі чат-ботқа жылдам қол жеткізуді қамтамасыз ететін арнайы батырма қосады. Бұл туралы компанияның блогында хабарланады.

Copilot пернесін енгізу Windows 11 пернетақтасының соңғы отыз жылдағы алғашқы елеулі өзгерісі болады. Бұл адамдарды жасанды интеллектті пайдалануды жеңілдетуге ынталандырмақ.

«СБ» ақпарат

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.

E-mail:
smjarnama@mail.ru